

«Standard Life» ΘCK» AK

Басқарма шешімімен

мақұлданды

(26.11.2025 ж. №45

отырыс хаттамасы)

Бекітілді

«Standard Life» Өмірді сақтандыру

компаниясы» АҚ

Директорлар кеңесінің шешімімен

(11.12.2025 ж. №25 хаттамасы)

«Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Өмірді жинақтаушы сақтандыру
ЕРЕЖЕСІ

<i>қолданысқа енгізілді</i>			
	Лауазымы	Аты-жөні	Қолы
Келісілді	Қаржы директоры	Байғамытова Н.С.	
	Басқарушы директор	Уткин А.С.	
	Басқарушы директор	Ашимов Д.А.	
	Басқарушы директор	Аринов Д.С.	
	Комплаенс-бақылау қызметінің басшысы	Тлешева Г.У.	
	Тәуекелдерді басқару қызметінің басшысы	Осинцев Р.С.	
	Актуарлық есептеулер және талдау департаментінің директоры	Абселемова Н.Т.	
	Шығындарды реттеу департаментінің директоры	Молдафина М.М.	
	Жинақтаушы сақтандыру департаментінің директоры	Антонова А.А.	
	Ерікті сақтандыру департаментінің директоры	Голишева Т.В.	
	Клиенттерге сервис көрсету және қолдау департаментінің директоры	Тесебаева Г.М.	
Әзірлеген	Басқарма Төрағасының орынбасары, Басқарма мүшесі	Кныкова А.У.	

Алматы, 2025 ж.

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Сақтандыру субъектілері.....	9
3. Сақтандыру объектісі.....	9
4. Сақтандыру тәуекелдері (Сақтандыру жағдайы).....	10
5. Сақтандырудан алып тастаулар	11
6. Сақтандыру сомасы.....	12
7. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі.....	12
8. Сақтандыру сомасын индексациялау	13
9. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі. Сақтандыру шартының жасау тәртібі және орындаудың жалпы ережелері.....	14
10. Медициналық тексеру.....	17
11. Сақтандыру шартын тоқтату және тараптардың өзара есеп айырысуы	18
12. Сатып алу сомасы және оны төлеу тәртібі.....	20
13. Тәуекел дәрежесінің өзгеруі.....	21
14. Тараптардың құқықтары мен міндеттері	22
15. Сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде Тараптардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі.....	25
16. Пайда алушылар	27
17. Сақтандыру төлемдері	28
18. Сақтандырылушы сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін тірі болған жағдайда аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен шарттары.....	32
19. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері	33
20. Пайдаға қатысу. Сақтандыру дивидендтерін есептеу шарттары мен тәртібі.....	35
21. Қарыз алу	35
22. Қосымша өтеуі бар сақтандыру шартын жасау ерекшеліктері.....	37
23. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша сақтандыру сомасын төлеу	38
24. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда сақтандыру жарналарын төлеуден босату	38
25. Сақтандырылушының жазатайым оқиға немесе кез келген себеп нәтижесінде еңбек ету қабілетінен айрылу жағдайындағы біржолғы сақтандыру төлемі	40
26. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алу жағдайында дене жарақаты бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес төлемдер	41

27.Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алған жағдайға Қосымша сақтандырылушыны сақтандыру (осы Ережелердің 1-қосымшасы).....	41
28.Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтқан жағдайға сақтандыру.....	42
29.Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу жағдайындағы сақтандыру	43
30.Жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемдерін жасаудан Сақтандырушыны босату негіздері.....	44
31.Жол-көлік оқиғасы нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша сақтандыру сомасын төлеу	44
32.Қайтыс болған жағдайда сақтандыру жарналарын төлеумен сақтандыру мерзімінің аяқталуына дейін өмір сүруге сақтандыру	45
33.Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын тоқтату	45
34.Сақтандырылушының ауыр науқастануы жағдайына сақтандыру.....	46
35.Сақтандырылушының ауыр науқастану жағдайына сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемін жасаудан Сақтандырушыны босату негіздері.....	46
36.Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандырылушының қатты ауыруы бойынша сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен мерзімі	47
37.Қосымша Ережелер.....	48
38.Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру	50
39.Форс-мажор	51
40.Қосымша шарттар	52

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы өмірді жинақтаушы сақтандыру ережелері (бұдан әрі – Ережелер, Сақтандыру ережелері) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның жинақтаушы сақтандыруды жүзеге асыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2. Ережелер негізінде уәкілетті органның тиісті лицензиясы бойынша сақтандыру шарттарын жасасу және орындау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға — «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Сақтандырушы) заңды тұлғалармен және әрекетке қабілетті жеке тұлғалармен (бұдан әрі – Сақтанушылар) сақтандыру шарттарын жасасады.

1.3. Даулы жағдайлар туындаған кезде Сақтандыру шартының ережелері Ережелерге қарағанда басым күшке ие болады.

1.4. Осы Сақтандыру ережелерінің шарттарында Сақтандырушы сақтандыру бағдарламаларын әзірлейді және Сақтанушының осы сақтандыру ережелері қосылуы және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтанушыға сақтандыру полисін беруі арқылы жеке және заңды тұлғалармен пайдаға қатысатын/қатыспайтын өмірді ерікті жинақтаушы сақтандыру шарттарын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасады.

1.5. Ережелерде пайдаланылатын негізгі терминдер:

1) Андеррайтинг – сақтандыруға қабылданатын сақтандыру тәуекелдерін бағалау және сақтандыру шарттарын айқындау рәсімдерінің кешені.

2) Аннуитеттік төлем – сақтандыру шартында анықталған мерзімнің орын алуы барысында мерзімді төлемдер түрінде жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі.

3) Ауру – жазатайым оқиғадан туындамаған, функционалдық және/немесе морфологиялық өзгерістерге байланысты организмнің қалыпты тіршілік әрекетінің бұзылуы. Оны білікті дәрігер сақтандыру мерзімі ішінде алғаш рет пайда болған объективті белгілер негізінде алғаш рет анықтауы (диагноз қоюы) тиіс.

4) Бонустық сатып алу сомасы – осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес Сақтандырушының пайдасына қатысудан түсетін сақтандыру дивидендтерінің (егер бар болса) мөлшері негізінде айқындалатын, Сақтандыру шартында кепілдік берілмеген сатып алу сомасы.

5) Бонустық сақтандыру сомасы – осы Сақтандыру ережелеріне сәйкес сақтандыру дивидендтерінің мөлшері негізінде айқындалатын, Сақтандыру шартында кепілдік берілмеген қосымша сақтандыру сомасы.

6) Пайда алушы – Сақтандыру шартында көрсетілген, пайдасына сақтандыру шарты жасалған және сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүргізетін жеке немесе заңды тұлға. Егер Сақтандыру шартында пайда алушылар көрсетілмесе, сақтандырылған тұлғаның мұрагерлері пайда алушы болып танылады. Қосымша сақтандырылған тұлғаны сақтандыру бойынша пайда алушы сол қосымша сақтандырылған тұлғаның өзі болып табылады.

7) Еңбекке қабілеттіліктен уақытша айырылу – білікті дәрігер анықтаған және медициналық құжаттамада тіркелген, Сақтандырылған тұлғаның оны тудырған жағдайды емдеу үшін қажетті белгілі бір шектеулі уақыт кезеңі ішінде өзінің еңбек міндеттерін орындауға қабілетсіздігі.

8) Сатып алу сомасы – жинақтау кезеңі аяқталғанға дейін жинақтаушы сақтандыру шарты мерзімінен бұрын тоқтатылған кезде Сақтанушының алуға құқығы бар, Сақтандыру шартымен айқындалған және Ережелерде және/немесе Сақтандыру шартында тікелей көзделген жағдайларда Сақтанушыға немесе оның мұрагерлеріне төленетін ақша сомасы.

9) Кепілдік берілген мерзім – Сақтандырылған тұлғаның тірі болуына немесе қайтыс болуына қарамастан, аннуитеттік төлемдер жүргізілуі тиіс полисте көрсетілген кезең (жылдармен).

10) Сақтандыру жылы – сақтандыру полисі берілген күннен басталатын (бірінші сақтандыру жылы) немесе сақтандыру полисінің жылдығынан басталатын (кейінгі сақтандыру жылдары) он екі айлық кезең.

11) Сақтандыру полисінің жылдығы – сақтандыру шартының қолданылу кезеңіндегі әр жылдың сақтандыру полисі берілген күннің күні мен айына сәйкес келетін күні.

12) Аннуитеттік төлемдердің басталу күні – осы Ережелердің шарттарына сәйкес Сақтандырушы бірінші аннуитеттік төлемді жүргізуге тиіс күн.

13) Сақтандыру полисі қолданысының басталу күні – сақтандыру полисінде көрсетілген, сақтандыру шартында көзделген сақтандыру қорғанысы күшіне енетін күн.

14) Соңғы аннуитеттік төлем күні – осы Ережелердің шарттарына сәйкес Сақтандырушы соңғы аннуитеттік төлемді жүргізуге тиіс күн.

15) Сақтандыру шарты (Сақтандыру полисі) – Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы келісім, оның шарттары бойынша Сақтандырушы сақтандыру шартында көзделген ақы (сақтандыру сыйлықақысы) үшін сақтандыру шартында көзделген сақтандыру жағдайы орын алғанда сақтандыру төлемін жүргізуге міндеттенеді. Сақтандыру полисі Сақтандырушының Сақтанушыға беретін, онда және осы Сақтандыру ережелерінде көрсетілген шарттарда сақтандыру шартының жасалғанын растайтын құжат болып табылады.

16) Осы Ережелер шарттарын іске асыру мақсатында сақтандыру полисі мыналарға бөлінеді:

- 1) Түпнұсқа сақтандыру полисі – сақтандыру шарты жасалған кезде Сақтандырушының Сақтанушыға ресімдейтін полисі;
- 2) Жаңартылған сақтандыру полисі – Ережелерде көзделген жағдайларда, сақтандыру шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде бұрын берілген полистің орнына Сақтандырушының Сақтанушыға ресімдейтін полисі;
- 3) «Төленген» мәртебесіндегі полис – сатып алу сомасы болған жағдайда, сақтандыру жарналарын төлеу тоқтатылған кездегі Сақтандыру шартының мәртебесі.

17) Жол-көлік оқиғасы – көлік құралының жолдағы қозғалысы процесінде және оның қатысуымен кенеттен орын алған оқиға (соқтығысу, аударылу, соғылу және т.б.).

18) Қосымша сақтандырылған тұлға – «Дене жарақаты бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» (Ережелердің №1 қосымша) белгіленген тізбеге кіретін дене жарақатын алу сақтандыру тәуекелі бойынша ғана сақтандыру қорғанысы берілетін жеке тұлға.

19) Сақтандыру полисінің телнұсқасы (дубликаты) – сақтандыру полисінің жоғалған түпнұсқасының орнына Сақтандырушының Сақтанушыға беретін, түпнұсқамен бірдей заңды күші бар сақтандыру полисі.

20) Сақтандырылушы – мүліктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылатын және өмірі мен денсаулығы сақтандырылатын жеке тұлға.

21) Мүгедектік – сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде орын алған жазатайым оқиға және (немесе) ауру нәтижесінде организм функцияларының тұрақты бұзылуымен денсаулықтың нашарлауы. Ол әлеуметтік қорғау қажеттілігіне әкеп соғады және тіршілік әрекетінің шектелу дәрежесіне қарай медициналық-әлеуметтік сараптама органының тиісті мүгедектік тобын (I, II, III) белгілеуімен айқындалады.

22) Ауыр науқастану – тиісті медициналық қызметті (емдеу немесе кеңес беру) жүзеге асыруға құқығы бар, медициналық мекемемен еңбек немесе азаматтық-құқықтық қатынастағы және Сақтандырылған тұлғаның туысы, бағынысты қызметкері немесе оған тәуелді өзге тұлға болып табылмайтын жоғары медициналық білімі бар маман алғаш рет диагноз қойған ауру немесе асқыну, не ол жүргізген, ауыр науқастанулардың тұйық тізбесіне (Ережелердің №2 қосымша) енгізілген хирургиялық емдеу.

23) Кез келген себеп (КСС) – сақтандыру шартының қолданылуы кезінде орын алған оқиға (ауру немесе жазатайым оқиға), сондай-ақ өзіне-өзі қол жұмсау (өзіне-өзі қол жұмсау сәтіне қарай сақтандыру шарты кемінде 2 (екі) жыл қолданыста болған жағдайда).

24) АЕК – тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен белгіленген айлық есептік көрсеткіш.

25) Медициналық андеррайтинг – сақтандыру тәуекелін және оның факторларын бағалау, Сақтандырылған тұлғаны денсаулық жағдайы, жасы, ауру және өлім тәуекелдеріне бейімділігі тұрғысынан сипаттау, онымен сақтандыру шартын жасасу мүмкіндігін бағалау және сақтандыру тарифі мен сақтандыру сыйлықақысын есептеу бойынша әдістер мен іс-қимылдар жиынтығы.

26) Сақтандыру тәуекелін бағалау – сақтандыру тәуекелінің дәрежесіне әсер ететін факторларды бағалау.

27) Медициналық мекеме – лицензиясы бар емдеу-профилактикалық мекемелер, ғылыми-зерттеу және медициналық институттар, медициналық көмек көрсететін басқа да мекемелер, сондай-ақ белгіленген тәртіппен медициналық қызметті жүзеге асыруға лицензия немесе тиісті заңнамамен белгіленген өзге де құжат алған, жеке немесе ұжымдық түрде медициналық қызметті жүзеге асыратын тұлғалар.

28) Жазатайым оқиға – сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы кезеңінде орын алған, Сақтандырылған тұлғаның организмiне сыртқы механикалық, электрлік, химиялық немесе термиялық әсер ету нәтижесінде денсаулыққа зиян келтіруге, мертігуге, дене жарақатына немесе өлімге әкеп соққан, адамның еркінен тыс кенеттен, қысқа мерзімді оқиға (жағдай). Осы Ережелерге қатысты жазатайым оқиға деп үшінші тұлғалардың Сақтандырылған тұлғаға қатысты оның денсаулығына зиян келтіруге, мертігуіне немесе өліміне әкеп соққан құқыққа қайшы әрекеті де түсініледі.

Жедел, созылмалы және тұқым қуалайтын аурулардың кез келген нысандары (оның ішінде инфаркт, инсульт және тұқым қуалайтын патологиядан немесе аурудың дамуы нәтижесіндегі патологиядан туындаған органдардың басқа да кенеттен зақымдануы, сондай-ақ вакцинациядан туындаған асқынулар), анафилактикалық шок жазатайым оқиғаларға жатпайды.

29) Төлем кезеңі – аннуитеттік төлемдердің басталу күнінен бастап соңғы аннуитеттік төлем күніне дейінгі уақыт кезеңі.

30) Жинақтау кезеңі – сақтандыру полисінің қолданысы басталған күннен бастап сақтандыру полисінің қолданысы аяқталған күнге дейін немесе сақтандыру полисінде көрсетілген аннуитеттік төлемдер басталған күнге дейін сақтандыру өнімі бойынша сыйлықақылар тұрақты төленетін кезең. Жинақтау кезеңі Бағдарламаларда және Сақтандыру полисінде/Сақтандыру шартында көрсетіледі.

31) Кідірту кезеңі – Сақтанушыға сақтандыру қорғанысының қолданылуын тоқтатпай, кезекті сақтандыру жарнасын төлеуге берілетін ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күн кезең. Кідірту кезеңі мұндай сақтандыру жарнасы мерзімі өткен деп есептелетін күннен, яғни Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлеуге міндетті болған күнге дейінгі күннен басталады.

32) Аннуитеттік төлемнің кезеңділігі – сақтандыру шартының шарттарына сәйкес әрбір аннуитеттік төлем жүргізілуі тиіс уақыт кезеңі (ай, тоқсан, жарты жыл және жыл).

33) Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу кезеңділігі – сақтандыру полисінде белгіленген мөлшердегі әрбір сақтандыру жарнасын Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге тиіс уақыт кезеңі.

34) Бұрын болған жағдай – диагноз қойылған немесе қойылмаған, бірақ Сақтанушы/Сақтандырылған тұлға бар белгілері бойынша күмәндануы немесе білуі тиіс, Сақтандырылған тұлғаның қатысуымен сақтандыру шарты жасалғанға дейін орын алған кез келген медициналық сипаттағы оқиға, соның ішінде денсаулықтың кез келген бұзылуы (травма, мертігу, кез келген типтегі патологиялар, созылмалы аурулар және т.б.), сондай-ақ осы жағдайлардың кез келген асқынулары немесе салдары.

35) Сақтандыру бағдарламасы – Компания ұсынатын, белгілі бір тәуекелдерге бағытталған, нақты шарттары мен сақтандыру оқиғаларының тізбесі бар нақты сақтандыру өнімінің (немесе өнімдер тобының) құрылымы, ол Сақтандыру шарты/сақтандыру полисі арқылы

ресімделеді. Өмірді жинақтаушы сақтандыру бағдарламасы бойынша Компания клиентке сақтандыру қорғанысын ұсынады және сонымен бірге тұрақты сақтандыру жарналарынан оның ұзақ мерзімді жинақтарын қалыптастырады. Бағдарламада сақтандыру тәуекелдерінің тізбесі, сақтандыру жарналарының мөлшері мен кезеңділігі шарттары, сақтандыру мерзімі, сақтандыру шарттарын жасасу бойынша шектеулер, оның ішінде жас ерекшелігі шектеулері, жинақтарды қалыптастыру тәртібі алдын ала белгіленеді.

36) Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі – сақтандыру тәуекелі іске асырылған кезде орын алған оқиға кейіннен сақтандыру жағдайы деп танылған жағдайда, Сақтандырушыда сақтандыру шартының шарттарына сәйкес сақтандыру төлемін жүргізу міндеті туындайтын уақыт кезеңі. Сақтандыру мерзімі жинақтау кезеңін және аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру кезеңін қамтиды. Егер сақтандыру шартында сақтандыру төлемі біржолғы жүргізілсе, сақтандыру мерзімі сақтандыру полисі қолданысының басталу күнінен бастап жинақтау кезеңі аяқталған күнге дейін белгіленеді.

37) Эквивалентті сақтандыру – сақтандыру сомасын Қазақстан Республикасының валютасы – теңгемен шетел валютасындағы белгілі бір сомаға баламалы сомада белгілеу.

38) Сақтандыру төлемі – сақтандыру шартымен белгіленген және сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру сомасы шегінде төлейтін ақша сомасы.

39) Сақтандыру қорғанысы – Сақтандырушының сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін жүргізу жөніндегі міндеттемелерінің жиынтығы. Егер шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңі шарттың қолданылу мерзімімен сәйкес келеді.

40) Сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарнасы) – Сақтандырушы Пайда алушыға сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүргізу міндеттемелерін қабылдағаны үшін Сақтанушы Сақтандырушыға төлеуге міндетті ақша сомасы.

41) Сақтандыру сомасы – сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы орын алған кездегі Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

42) Азайтылған сақтандыру сомасы – Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуді мерзімінен бұрын тоқтатқан және полисті төленген мәртебесіне ауыстырған жағдайда немесе осы Сақтандыру ережелер шарттарын ескере отырып, сақтандыру жарнасын (біріншісін қоспағанда) төлеу мерзімін өткізіп алған жағдайда қолданылатын сақтандыру шартында көзделген сақтандыру сомасы.

43) Сақтандыру жылы – сақтандыру шарты жасалған күннен немесе сақтандыру шарты қолданысқа енгізілген күннен бастап (қайсысы кеш болғанына байланысты) есептелетін, 12 айға еселенген сақтандыру шартының қолданылу кезеңі.

44) Сақтандыру тәуекелі – орын алуы ықтимал және кездейсоқ сипаттағы, орын алу жағдайына сақтандыру жүргізілетін болжамды оқиға.

45) Сақтандыру жағдайы – орын алуымен сақтандыру шартында Сақтандырушының сақтандыру шартының талаптарында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемін жүргізу міндеті көзделген, сақтандыру мерзімі ішінде болған, сақтандыру шартында көзделген оқиға.

46) Сақтандыру тарифі – сақтандыру объектісін және сақтандыру тәуекелінің сипатын, сондай-ақ сақтандырудың басқа да шарттарын, оның ішінде сақтандыру шарттарына сәйкес франшизаның болуы мен оның мөлшерін ескере отырып, сақтандыру сомасының бірлігінен алынатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесі.

47) Сақтандыру дивидендтері – Сақтандырушының өзінің ішкі құжаттары мен ережелеріне сәйкес есептелген инвестициялық қызметтен түскен пайданың бір бөлігін бөлуі есебінен құралатын, бонустық сақтандыру сомасын және бонустық сатып алу сомасын ұлғайту үшін сақтандыру шарты бойынша есептелетін, сақтандыру шартында кепілдік берілмеген ақша сомасы.

48) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтанушыға немесе пайдасына сақтандыру шарты жасалған өзге тұлғаға (Пайда алушыға) сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) шегінде сақтандыру төлемін жүргізуге міндетті «Standard Life» өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы.

49) Жарақат (дене жарақаты) – Сақтандырылған тұлғаның сақтандыру мерзімі ішінде жазатайым оқиға нәтижесінде алған, тиісті медициналық қызметті (емдеу немесе кеңес беру) жүзеге асыруға құқығы бар, медициналық мекемемен еңбек немесе азаматтық-құқықтық қатынастағы және Сақтандырылған тұлғаның туысы, бағынысты қызметкері немесе оған тәуелді өзге тұлға болып табылмайтын жоғары медициналық білімі бар маман анықтаған және медициналық құжаттамада тіркелген дене зақымданулары.

50) Сақтандыру тәуекелі дәрежесінің айтарлықтай арту факторлары – Сақтандырылған тұлғаның кәсіби қызметінің жоғары тәуекелмен байланысты және (немесе) кәсіби аурулардың пайда болуына әкеп соғуы мүмкін өзгеруі, басқа елге немесе басқа климаттық белдеуге 1 жылдан астам мерзімге көшуі (іссапар), жазатайым оқиғалардың немесе аурулардың туындау ықтималдығының артуымен объективті түрде байланысты әуесқойлықтардың пайда болуы, спорт және демалыс түрлерімен айналыса бастауы (аквалангпен сүнгуді, парашют спортымен, планеризммен айналысуды, жартасқа шығуды, жылдамдыққа жарысуды (жүгіруді қоспағанда), рафтингті, биіктіктен иілгіш арқанның көмегімен секіруді, спелеологияны; авто және мотоспортты, контактілі жекпе-жекте және т.б. спорт және демалыс түрлерін қоса алғанда), Сақтандырылған тұлғаның жынысын ауыстыруы, Сақтандырылған тұлғаның АИТВ (адамның иммундық тапшылығы вирусы) жұқтыруы немесе ЖИТС (жүре пайда болған иммундық тапшылық синдромы) немесе басқа да соған ұқсас синдроммен ауыруы. Сондай-ақ мүгедектік жағдайына сақтандыруды немесе жарналарды қорғау туралы шартты көздейтін Шарты бойынша, мүгедектік топтарын белгілеу критерийлерінің заңнамалық өзгеруі немесе әлеуметтік жеткіліксіздікті бағалаудың өзге де тәртібін белгілеу сақтандыру тәуекелі дәрежесінің айтарлықтай арту факторы болып табылады. Сонымен қатар, аннуитеттік төлемдерді көздейтін Шарт бойынша, медицина, биология немесе адам қызметінің өзге де саласындағы адам өмірінің ұзақтығын айтарлықтай арттырудың жалпыға қолжетімді тәсілін қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық жаңалық немесе өнертабыс сақтандыру тәуекелі дәрежесінің айтарлықтай арту факторы болып табылады.

1.6. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысы Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

2. Сақтандыру субъектілері

2.1. Өзін сақтандыруды жүзеге асырған (бұл жағдайда ол Сақтандырылған тұлға болып табылады) және/немесе Сақтандырушымен басқа азаматтарды сақтандыруды жүзеге асырған жеке тұлға, сондай-ақ заңды тұлға Сақтанушы болып табылады.

2.2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты әлеуетті Сақтандырылған тұлғаларды алдын ала медициналық тексеруден өткізбестен жасалады. Алайда, Сақтандырушы әрбір нақты жағдайда немесе жекелеген Сақтандыру шарттарын жасасу кезінде Сақтандыру шартын жасасар алдында немесе Сақтандыру шартының талаптарын өзгерткен кезде медициналық декларацияға қол қояды, медициналық анкета жүргізуді немесе алдын ала медициналық тексеруден өткізуді талап ету құқығын өзіне қалдырады. Олардың нәтижелері бойынша Сақтандырушы нақты тұлғаны сақтандыруға қабылдау мәселесін қарастыруға және/немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Ережелерге қайшы келмейтін деңгейде түзету коэффициенттерін қолдануға және/немесе сақтандырудың жеке талаптарының тізбесін өзгертуге әкеп соғатын жеке андеррайтингтік шешімдер қабылдауға құқылы.

2.3. Пайда алушы Сақтандырылған тұлғаның келісімімен тағайындалады.

3. Сақтандыру объектісі

3.1. Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін Сақтандырылған тұлғаның тірі болуына, оның қайтыс болуына және сақтандыру жағдайының орын алуы салдарынан Сақтандырылған тұлғаның өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты Сақтанушының (Сақтандырылған тұлғаның) мүлктік мүдделері сақтандыру объектісі болып табылады. Сақтанушының құқыққа қайшы мүдделері сақтандыруға жатпайды.

3.2. Өмірді сақтандыру — сақтандырылған тұлға қайтыс болған немесе ол сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін не сақтандыру шартында белгіленген жасқа дейін тірі болған жағдайларда сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

3.3. Аннуитеттік сақтандыру — шартта белгіленген мерзім ішінде пайда алушының пайдасына кезеңдік төлемдер түрінде кезеңдік сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін жинақтаушы сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

3.4. Жазатайым оқиғадан сақтандыру — ауруға және (немесе) денсаулықтың өзге де бұзылуына байланысты тәуекелдерді сақтандыруды қоспағанда, жазатайым оқиға, кәсіптік ауру нәтижесінде сақтандырылған тұлға қайтыс болған, еңбек қабілетін (толық немесе ішінара) жоғалтқан (жалпы немесе кәсіптік) немесе сақтандырылған тұлғаның денсаулығына өзге де зиян келтірілген жағдайларда белгіленген сомада және (немесе) шығындарын ішінара немесе толық өтеу мөлшерінде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды көздейтін сақтандыру түрлерінің жиынтығы.

3.5. Сақтандыру шартының нысанасы — Сақтанушы Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру жарналарын (сақтандыру сыйлықақысын) төлеуге міндетті, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіппен және мерзімдерде сақтандыру төлемін (төлемдерін) жүзеге асыруға міндетті болатын құқықтық қатынастар.

3.6. Сақтандырудың жол берілетін мерзімдері Сақтандыру бағдарламасымен айқындалады.

4. Сақтандыру тәуекелдері (Сақтандыру жағдайы)

4.1. Ережелерге сәйкес мыналар сақтандыру жағдайы (негізгі өтеу) болып табылады:

- 1) Сақтандырылушының жинақтау кезеңі аяқталғанға дейін тірі болуы;
- 2) Сақтандырылушының жинақтау кезеңінде орын алған кез келген себеп бойынша қайтыс болуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда).

Сақтанушы сақтандыру төлемін кезеңдік төлемдер түрінде жүзеге асыру талабымен Сақтандыру шартын жасасқан кезде, Сақтандыру шартының негізгі өтеуі бойынша сақтандыру жағдайлары Сақтандырылған тұлғаның аннуитеттік төлемдер басталған күнге дейін, ал кейіннен – әрбір аннуитеттік төлем кезеңі басталған күнге дейін тірі болуы болып табылады.

4.2. Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру мерзімі ішінде мынадай Сақтандыру тәуекелдерінің кез келгені (біреуі немесе бірнешеуі) бойынша Сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандыру төлемдері көзделуі мүмкін.:

1) Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

2) Сақтандырылған тұлғаның жол-көлік оқиғасы салдарынан қайтыс болуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

3) Сақтандырылған тұлғаға кез келген себеп бойынша 1 немесе 2-топтағы мүгедектіктің алғаш рет белгіленуі (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

4) Сақтандырылған тұлғаға жазатайым оқиға салдарынан 1 немесе 2-топтағы мүгедектіктің алғаш рет белгіленуі (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

5) Сақтандырылған тұлға жазатайым оқиға салдарынан еңбек қабілетінен айырылған жағдайда сақтандыру жарналарын төлеуден босату (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

6) Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» (Ережелерге №1 қосымша) көрсетілген тізбеден дене жарақатын алуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

7) Қосымша сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» (Ережелерге №1 қосымша) көрсетілген тізбеден дене жарақатын алуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда);

8) Сақтандыру мерзімі кезеңінде орын алған жазатайым оқиға салдарынан еңбекке қабілеттіліктен уақытша айырылуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген оқиғаларды қоспағанда);

9) Сақтандырылған тұлғаның жазатайым оқиға салдарынан емдеуге жатқызылу (госпитализация) жағдайына сақтандыру (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген оқиғаларды қоспағанда);

10) Сақтандырылған тұлғада сақтандыру мерзімі ішінде, бірақ Сақтандыру шарты жасалған күннен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күн өткеннен ерте емес уақытта Сақтандыру шартында көзделген ауыр науқастанулар тізбесіне (Ережелерге №2 қосымша) кіретін ауыр науқастанудың алғаш рет анықталуы (Ережелердің 5-бөлімінде көрсетілген оқиғаларды қоспағанда);

11) 5-бөлімде көрсетілген оқиғаларды қоспағанда, қайтыс болу жағдайы туындаған кезде төленген сақтандыру жарналарын төлеумен өмір сүруге дейін сақтандыру.

4.3. Сақтандыру тәуекелдерінің тізбесі сақтандыру шартында белгіленеді.

4.4. 4.2-тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген сақтандыру өтемдерін таңдаған кезде осы өтемдердің тек біреуі ғана қолданылуы мүмкін, атап айтқанда: жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу не жол-көлік оқиғасы салдарынан қайтыс болу.

4.5. Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, осы Ережелердің 4.1 және 4.2-тармақтарында көзделген оқиға сақтандыру мерзімінен тыс уақытта орын алған жағдайда

сақтандыру жағдайы болып табылмайды және мұндай оқиғаға байланысты сақтандыру төлемі, осындай оқиғаның туындауына себеп болған мән-жайлардың қашан пайда болғанына қарамастан, жүзеге асырылмайды.

5. Сақтандырудан алып тастаулар

5.1. Ережелердің 4.1-тармағының 2) тармақшасында және 4.2-тармағының 1)-11) тармақшаларында көрсетілген, келесі жағдайлардың тікелей немесе жанама әсерінен болған оқиғалар (егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе) сақтандыру жағдайлары деп танылмайды:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті ластанудың әсері;
- 2) әскери әрекеттер;
- 3) азаматтық соғыс, әртүрлі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер;
- 4) сақтандырушы, сақтандырылған және/немесе пайданы алушының сақтандыру жағдайының пайда болуына бағытталған немесе оны тудыруға ықпал еткен қасақана әрекеттері, тек қажетті өзін-өзі қорғау және шұғыл қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттерді қоспағанда;
- 5) заңнамалық актілерге сәйкес қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған және сақтандыру жағдайымен себеп-салдар байланысы бар сақтандырылған әрекеттері; заңнамалық актілерге сәйкес қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылған және сақтандыру жағдайымен себеп-салдар байланысы бар сақтандырылған әрекеттері;
- 6) Сақтандырылған тұлғаның кез келген ұшу аппаратымен ұшуы, бұған лицензиясы бар авиакомпанияның жолаушылар тасымалдайтын әуе кемесінде ақысы төленген билеті бар жолаушы ретінде ұшуы жатпайды;
- 7) кез келген дәрежедегі алкогольдік мас болу, алкоголизм, алкогольдік кардиомиопатия, бауырдың алкогольдік циррозы, алкогольдік кома, бауырдың алкогольдік майлы дистрофиясы, алкогольдік гепатит, алкогольдік панкреатит, алкогольдік энцефалопатия, алкогольдік делирий (психоздар, галлюциноздар), алкогольдік абстинентті синдром, алкогольдік полинейропатия, сондай-ақ алкогольді, алкоголь алмастырғыштарын, мас қылатын заттарды тұтынумен себеп-салдарлық байланысы бар кез келген ауру;
- 8) Сақтандырылған тұлғаның дәрігердің нұсқауынсыз немесе дәрігер белгілеген мөлшерлемені бұза отырып, есірткі заттарын, күшті әсер ететін және психотроптық заттарды қолдануы;
- 9) тиісті біліктілігі бар дәрігердің нұсқауы бойынша медициналық препараттарды қабылдауды және емделуді қоспағанда, дәрі-дәрмек қабылдау немесе емделу;
- 10) Сақтандырылған тұлғаның көлік құралын жарамды жүргізуші куәлігінсіз басқаруы;
- 11) егер бұл сақтандыру туралы өтініште көрсетілмесе және ол үшін тиісті қосымша сақтандыру жарнасы төленбесе, қауіпті іс-әрекеттер немесе әуестіктер, сақтандырылған тұлғаның кәсіби немесе әуесқойлық спортпен айналысуы, жарыстарға, раллиге немесе өзге де қауіпті хоббилерге (мысалы, мотоспорт, альпинизм, сүңгу, парашютпен секіру, жекпе-жек түрлері) қатысуы;
- 12) психикалық ауру, егер өлімге әкеп соқтырған жазатайым оқиға психикалық науқас және жазатайым оқиға кезінде есі дұрыс емес күйде болған Сақтандырылған тұлғамен орын алса;
- 13) АҚТҚ-инфекциясын (ЖИТС) жұқтыру немесе АҚТҚ-инфекциясымен (ЖИТС) байланысты аурулар;
- 14) Сақтандырылған тұлғаның өзіне-өзі қол жұмсауы немесе өзіне-өзі қол жұмсауға әрекеттенуі, егер сақтандыру оқиғасы Сақтандыру шарты қолданысының алғашқы екі жылы ішінде орын алса.

6. Сақтандыру сомасы

6.1. Сақтандыру сомасы Сақтандыру шартында Тараптардың келісімі бойынша айқындалады және әрбір тәуекел бойынша жеке және/немесе барлық тәуекелдер бойынша бір мезгілде, сондай-ақ барлық Сақтандырылған тұлғаларға қатысты немесе әрбір Сақтандырылған тұлға үшін жеке белгіленеді.

6.2. Тараптардың келісімі бойынша сақтандыру сомасы ұлғайтылуы немесе азайтылуы мүмкін, бұл ретте Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын тиісті түрде қайта есептеуді жүзеге асырады. Сақтандыру сомасын өзгерту тек кезекті сақтандыру жылында ғана жүзеге асырылуы мүмкін және Сақтандыру шартына қосымша келісіммен ресімделеді.

6.3. Бонустық сақтандыру сомасын Сақтандырушы сақтандыру полисінің (Түпнұсқа, Жаңартылған және/немесе Төленген сақтандыру полисі) талаптарын ескере отырып, есептелген сақтандыру дивидендтерінің мөлшеріне қарай айқындайды. Бонустық сақтандыру сомасы сақтандыру бағдарламасына байланысты индекстелуге жатады.

6.4. Сақтандыру сомасын өзгертуге қатысты келесі талаптар мен шектеулер қолданылады:

1) сақтандыру сыйлықақысы біржолғы төленетін шарттар үшін сақтандыру сомасын өзгерту мүмкін емес;

2) сақтандыру сомасының мөлшерін өзгертуге екінші сақтандыру жылы басталғаннан кейін жол беріледі.

6.5. Егер Сақтандырушы сақтандыру сомасын өзгертуге келіссе, сақтандыру жарналарын, сақтандыру және сатып алу сомаларын, сондай-ақ Сақтандыру шартының осыған байланысты басқа да талаптарын қайта есептеуді Сақтандырушы актуарлық есептеу әдістерін қолдана отырып, жеке жүзеге асырады. Сақтандыру сомасын және Сақтандыру шартының осыған байланысты басқа да талаптарын өзгерту Сақтандыру шартының жылдығында Сақтандыру шартының тараптары қол қойған Сақтандыру шартына жазбаша қосымша келісім/жаңартылған полис негізінде жүзеге асырылады.

6.6. Негізгі және қосымша өтеулер (бар болса) бойынша сақтандыру сомаларының мөлшері сақтандыру полисінде көрсетіледі, оны Сақтандырушы сақтандыруға арналған өтініште көрсетілген мәліметтер негізінде Сақтандырылған тұлғаға қатысты айқындайды және әрбір тәуекел бойынша жеке және/немесе барлық тәуекелдер бойынша бір мезгілде белгілейді.

6.7. Сақтандыру шартында әрбір/жекелеген сақтандыру жағдайы бойынша, кез келген/барлық сақтандыру тәуекелдері бойынша және т.б. Сақтандырушының жауапкершілік лимиттері көзделуі мүмкін. Атап айтқанда, Тараптардың келісімімен ауру нәтижесінде немесе жазатайым оқиға нәтижесінде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша Сақтандырушының жауапкершілік лимиттерін белгілеу көзделуі мүмкін. Сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында көзделген жауапкершілік лимитінен аспауы керек.

7. Сақтандыру сыйлықақысы және оны төлеу тәртібі

7.1. Сақтандыру сыйлықақысы Сақтандырушы бекіткен тарифтік мөлшерлеме, сақтандыру сомасы және сақтандыру мерзімі негізінде, сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібін ескере отырып есептеледі.

Сақтандырушы тарифтік мөлшерлемелерді өзі есептеген базалық тарифтік мөлшерлемелер негізінде, ықтимал тәуекел факторларын, сақтандыру тәуекелін бағалау нәтижелерін ескеретін жоғарылату және төмендету коэффициенттерін қолдана отырып белгілейді. Бағалау мыналардың негізінде жүзеге асырылады: Сақтанушы Сақтандыру шартын жасасу кезінде ұсынған ақпарат пен құжаттар, Сақтандырушының өз бетінше алған ақпараты, сарапшылар мен бағалаушылардың қорытындылары. Бұл деректер Сақтандырушыға жиынтық түрде Сақтандыру шартына енгізілетін әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын арттыратын немесе төмендететін тәуекел факторларын анықтауға мүмкіндік береді.

7.2. Сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарнасының) мөлшері сақтандыру сомасының мөлшеріне, сақтандыру мерзіміне, сақтандыру сыйлықақысын төлеу кезеңділігіне, Сақтандырылған тұлғаның жынысына, жасына және денсаулық жағдайына байланысты болады. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу мөлшері, тәртібі мен мерзімдері сақтандыру полисінде (Сақтандыру шартында) көрсетіледі. Сақтанушы Сақтандыру шартына сақтандыру сомасы мен сақтандыру жарналарын индекстеу туралы талапты енгізуге құқылы.

7.3. Сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушы бүкіл сақтандыру мерзімі үшін біржолғы (бір реттік төлеммен) немесе Сақтандыру шартында белгіленген мерзімде қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен (тікелей Сақтандырушының банктік шотына) кезеңдік сақтандыру жарналарымен төлейді.

7.4. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) төлеу тәртібі Сақтандыру шартында айқындалады.

7.5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, қолма-қол ақшасыз төлеу кезінде қаражаттың Сақтандырушының шотына түскен күні сақтандыру сыйлықақысын (жарнасын) төлеу күні болып есептеледі.

7.6. Сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы) теңгемен немесе валюталық баламада төленеді. Баламалы түрде сақтандыру кезінде, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру сыйлықақысы (жарнасы) қолма-қол ақшасыз есеп айырысу бойынша сақтандыру сыйлықақысын (жарнасын) аудару күніне тиісті шетел валютасы үшін белгіленген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бағамы бойынша теңгемен төленеді.

7.7. Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын аннуитеттік төлемдер басталған күнге дейін (белгілі бір жасқа толғанға немесе Сақтандыру шартында белгіленген мерзімге дейін) толық көлемде төлеуге міндетті.

7.8. Сақтанушы әрбір сақтандыру жарнасын осындай жарна тиесілі кезең басталғанға дейін төлеуге міндетті. Кері жағдайда сақтандыру жарнасы мерзімі өткен болып есептеледі.

7.9. Сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес төленуге жататын сақтандыру жарнасын төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Сақтанушы төленуге жататын келесі сақтандыру жарнасын және мерзімі өткен сақтандыру жарнасын сақтандыру жарнасының мерзімі өткен күннен бастап отыз күн ішінде төлеуге міндетті.

7.10. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде Сақтанушының кейінгі кезеңдер үшін сақтандыру жарналарын аванстық төлемдермен енгізуге құқығы бар.

7.11. Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен полистің жылдығында сақтандыру жарналарын төлеу тәртібі мен мөлшерін өзгертуге құқылы. Өзгеріс Сақтанушының Сақтандырушыға тиісті жазбаша өтініш беруі, оған Сақтанушы қол қойған сақтандыру полисінің түпнұсқасын немесе оның телнұсқасын қоса беруі және Сақтандырушының жаңартылған сақтандыру полисін беруі арқылы ресімделуі тиіс. Бұл ретте Сақтандыру шартына сәйкес төленуге тиіс болған төленген сақтандыру жарналары түзетуге жатпайды.

7.12. Сақтанушы Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасын/сақтандыру сыйлықақысын ұлғайтқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтандыру шартына өзгерістер енгізілгенге дейін Сақтандырылған тұлғаның денсаулығының нақты жағдайын анықтау және сақтандыру тәуекелінің арту дәрежесін анықтау мақсатында оны медициналық тексеруге жіберуге құқылы.

8. Сақтандыру сомасын индексациялау

8.1. Сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру сомасын индексациялау (өзгерту) көзделуі мүмкін. Бұл шарт тек сақтандыру шарты жасалған кезде сақтандырушының таңдауы бойынша енгізіледі және сақтандыруға өтініште бекітіледі.

8.2. Индексация мөлшері сақтандыру полисінің жылдық мерейтойынан бір жыл бұрынғы жылдық инфляция деңгейіне негізделіп анықталады.

8.3. Сақтандыру сомасын индексациялау (өзгерту) сақтандырушының сақтандыруға өтінішінде сәйкес шартты таңдауы негізінде полистің жылдық мерейтойында жүзеге асырылады. Полис бойынша біржолғы сақтандыру жарнасы төленген жағдайда индексация жүргізілмейді.

8.4. Сақтандырушы полистің жылдық мерейтойына дейін өзгертілген сақтандыру жарнасының мөлшері туралы сақтандырушыны оның жөнелтілгенін растай алатындай тәсілмен хабарландырады.

8.5. Индексацияланған сақтандыру сомалары мен өзгертілген сақтандыру жарналарының мөлшері хабарламада көрсетіледі. Индексацияланған (өзгертілген) сақтандыру сомасы сақтандыру сомасына индексация мөлшерін қосу арқылы анықталады, ал сақтандыру жарналары индексацияланған сақтандыру сомасына сәйкес қайта есептеледі.

8.6. Сақтандыру сомасын индексациялау қосымша сақтандыру шарттарындағы сақтандыру сомасына қолданылмайды (егер бар болса). Сақтандыру жарналарын өзгерту қосымша өтемдер бойынша төленетін сақтандыру жарналарына қолданылады, мұнда сақтандыру сомасы негізгі сақтандыру сомасымен бірдей және сақтандыру шартының жарналарды төлеуден босату туралы қосымша шарттарымен сәйкес келеді (егер бар болса).

8.7. Егер сақтандырушы сақтандыру сомасының индексациясын ескермей кезекті сақтандыру жарнасын төлесе, сақтандыруға өтініште сақтандырушы таңдаған индексация шарттары автоматты түрде алынып тасталады. Бұл жағдайда сақтандырушы индексация шарттарының алынып тасталғанын хабарлама арқылы растай алатындай тәсілмен сақтандырушыға хабарлайды.

9. Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі. Сақтандыру шартының жасау тәртібі және орындаудың жалпы ережелері

9.1. Сақтандыру мерзімі тараптардың келісімімен белгіленеді және сақтандыру шартында көрсетіледі. Сақтандыру мерзімінің басталу және аяқталу датасы, соның ішінде әрбір жеке сақтандыру тәуекелі үшін де белгіленуі мүмкін.

9.2. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Сақтандыру шарты Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда, ал оны бөліп төлеген кезде – Сақтандыру шартында көзделген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде бірінші сақтандыру жарнасын төлеген жағдайда, Сақтандырушы оған қол қойған күннен кейінгі күннен бастап өз күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады және тараптар Сақтандыру шарты бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

9.3. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көрсетілмесе, Ережелерде мазмұндалған барлық талаптар Сақтандырушы үшін де, Сақтанушы / Пайда алушы / Сақтандырылушы үшін де міндетті болып табылады.

9.4. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушы Сақтанушыға Сақтандыру ережелерін тапсыруға міндетті, бұл туралы Сақтандыру шартында белгі қойылады. Бұл ретте Сақтандыру ережелері Сақтанушыға мынадай тәсілдердің бірімен тапсырылуы мүмкін: Сақтандырушының Интернет ақпараттық-телекоммуникациялық желісіндегі сайтында жүктеп алу үшін Сақтандыру ережелері орналастырылған мекенжай туралы оны хабардар ету жолымен немесе Сақтандыру ережелерінің мәтіні бар файлды Сақтанушы көрсеткен электрондық пошта мекенжайына жіберу жолымен немесе Сақтандыру шартында белгіленген өзге де тәсілмен.

9.5. Сақтандыру шарты Сақтанушының Ережелерге қосылуы және сақтандыру полисін беру арқылы жазбаша нысанда жасалады.

9.6. Сақтандыру полисіне Сақтандырушының Басқарма Төрағасы немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Сақтандырушының атынан Сақтандыру шартына қол қоюға уәкілеттік берілген өзге тұлға – Сақтандырушының қызметкері немесе сақтандыру агенті қол қояды. Сақтандырушы мұндай әрекеттерді Сақтандырушының атынан және тапсырмасы

бойынша жасауға уәкілеттік бермеген басқа тұлғалар қол қойған сақтандыру полистері мен оларға қосымшалар жарамсыз деп есептеледі.

9.7. Сақтандыру шарты Қазақстан Республикасының аумағында да, одан тыс жерлерде де қолданылады.

9.8. Сақтандыру шарты екі кезеңді қамтиды:

1) жинақтау кезеңі (Сақтандыру бағдарламасына сәйкес сақтандыруға арналған өтініште көрсетіледі),

2) төлем кезеңі (сақтандыруға арналған өтініште көрсетіледі).

9.9. Сақтандыру шарты Сақтанушының Сақтандырушыға берген Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша сақтандыруға арналған өтініші негізінде, оған Сақтанушының, Сақтандырылушының және Пайда алушының жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесін қоса бере отырып жасалады.

9.10. Сақтанушыдан сақтандыруға арналған өтініш алғаннан кейін Сақтандырушы сақтандырылатын тұлғаны (Сақтандырылушыны) оның денсаулығының нақты жағдайын бағалау үшін медициналық тексеруге жіберуге құқылы.

9.11. Сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтанушы сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығын және оның туындауынан болатын ықтимал шығындардың мөлшерін (сақтандыру тәуекелін) анықтау үшін маңызды мәні бар Сақтанушыға белгілі мән-жайларды хабарлауға міндетті, егер бұл мән-жайлар Сақтандырушыға белгілі болмаса және белгілі болмауы тиіс болса. Кез келген жағдайда осы Ережелерде, Сақтандыру шартының стандартты нысанында, сақтандыруға арналған өтініште және оған қосымшаларда, соның ішінде Сақтандырушының сақтандыру шартын жасасу кезеңінде Сақтанушыға жіберген жазбаша сұрау салуында белгілі бір түрде айтылған мән-жайлар маңызды деп танылады. Мұндай мән-жайларға сонымен қатар (бірақ олармен шектелмей) денсаулық жағдайы, кәсіби қызметі, кәсіби немесе әуесқойлық негізде спорт түрлерімен айналысу (спорт түрі, айналысатын жері, айналысу кезеңділігі), демалыстың белсенді және экстремалды түрлеріне әуестігі туралы мәліметтер, сақтандыруға арналған өтініште және сауалнамада көрсетілген мәліметтер немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мән-жайлар жатады.

9.12. Сақтандырушы жүргізген андеррайтинг нәтижелері бойынша тараптардың келісімімен Сақтандырушы сақтандыру шартында жекелеген Сақтандырылушыға қатысты ерекше талаптарды көздеуге құқылы, бұл туралы сақтандыру полисінде белгі қойылады.

3) Егер сақтандыру шартында төлемдер кезеңінде кепілдік берілген мерзім көзделмесе немесе ол көзделсе де, бірақ кепілдік берілген мерзім төлемдер кезеңі аяқталғанға дейін өтсе, онда Сақтандырушы Пайда алушыға аннуитеттік төлемдерді Сақтандырылушының әрбір кезеңдік аннуитеттік төлем басталатын күнге дейін тірі болу шартымен ғана жүзеге асырады. Бұл ретте, төлемдер кезеңінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда, Сақтандырушы аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыруды тоқтатады және Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелері толық көлемде орындалды деп есептеледі.

4) Төлемдер кезеңінде Пайда алушыны ауыстыруға жол берілмейді. Осы талап Сақтандырушы үшін төлемдер кезеңінде Пайда алушыны ауыстырудан бас тартуға негіз болып табылады.

5) Пайда алушы аннуитеттік төлемдер басталған күнге дейін Сақтандырушыға аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру үшін банктік реквизиттері көрсетілген өтінішті ұсынуға міндетті.

6) Егер Пайда алушы аннуитеттік төлемдер аударылатын өзінің банктік шотынан ақша алуға біреуге сенімхат берсе, Пайда алушы Сақтандырушыға мұндай сенімхаттың нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсынуға міндетті.

16.2. Сақтандырылушының қайтыс болуы сақтандыру жағдайы бойынша Пайда алушы.

1) Пайда алушы (немесе сақтандыру төлемінен үлестері көрсетілген бірнеше Пайда алушы), егер Сақтанушы Сақтандырылушы болмаса, Сақтандырылушының келісімімен өмірді жинақтаушы сақтандыруға арналған өтініште Сақтанушы тарапынан тағайындалады.

2) Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы сақтандыру жағдайы туындағанға дейін қайтыс болған немесе ол өз құқықтарынан бас тартқан жағдайда, егер Пайда алушы ауыстырылмаған болса, оның құқықтары Сақтанушыға ауысады.

3) Сақтандырылушы болып табылмайтын Пайда алушы сақтандыру жағдайы туындағаннан кейін қайтыс болған жағдайда, сақтандыру төлемін алуға Пайда алушының мұрагерлері құқылы.

17. Сақтандыру төлемдері

17.1. Сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының Ережелер мен Сақтандыру шартында қамтылған ережелерді, анықтамалар мен шектеулерді сақтауы шартымен және сақтандыру жағдайының орын алу фактісі анықталған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

17.2. Сақтандыру төлемі Пайда алушының жазбаша өтініші негізінде, оған Ережелерде және/немесе Сақтандыру шартында көзделген құжаттарды және сақтандыру актісін қоса бере отырып жүзеге асырылады.

17.3. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемдері Ережелердің 4.1-тармағында, 4.2-тармағының 1)-4), 6)-11) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру тәуекелдері бойынша, Ережелердің және/немесе Сақтандыру шартының өзге де талаптарын (жауапкершілік лимиттері, сақтандыру төлемін анықтау тәртібі және т.б.) ескере отырып, сақтандыру жағдайы орын алған күнге Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасы мөлшерінде біржолғы жүзеге асырылады.

17.4. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Ережелердің 4.2-тармағының 6), 7) тармақшаларында көрсетілген сақтандыру тәуекелдері (дене жарақаты) бойынша сақтандыру

жағдайы орын алған кезде, сақтандыру төлемдері Сақтандыру шартында көрсетілген «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесіне» (Ережелерге №1 қосымша) сәйкес анықталған мөлшерде біржолғы жүзеге асырылады.

17.5. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Ережелердің 4.2-тармағының 8) тармақшасында көрсетілген сақтандыру тәуекелі (еңбекке қабілеттіліктен уақытша айырылу) бойынша сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемі біржолғы жүзеге асырылады. Уақытша еңбекке жарамсыздықтың әрбір күні үшін сақтандыру төлемінің мөлшері Сақтандыру шартымен белгіленеді және осы сақтандыру тәуекелі үшін белгіленген сақтандыру сомасының 0,2% құрайды. Сақтандыру төлемі 7-ші күннен бастап, бірақ бір жазатайым оқиға бойынша үздіксіз еңбекке жарамсыздықтың 60 күнінен аспайтын және көрсетілген тәуекел бойынша сақтандыру сомасынан аспайтын уақытша еңбекке жарамсыздықтың әрбір расталған күні үшін жүзеге асырылады.

17.6. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, Ережелердің 4.2-тармағының 10) тармақшасында көрсетілген сақтандыру тәуекелі (ауыр науқастану) бойынша сақтандыру жағдайы орын алған кезде сақтандыру төлемі Сақтандыру шартында осы тәуекел үшін белгіленген сақтандыру сомасының 100% (жүз пайыз) мөлшерінде және осы тәуекел бойынша мәлімделген оқиғалар санына қарамастан — тек олардың біреуі бойынша ғана біржолғы жүзеге асырылады.

17.7. Сақтандыру шартында аталған Пайда алушы сақтандыру төлемін алу құқығынан бас тартқан жағдайда, Тараптар мынадай тәртіпті басшылыққа алады: егер Сақтанушы мен Сақтандырылушы тұлға бір болса, онда төлем олардың жазбаша өтініші негізінде Сақтанушыға немесе оның мұрагерлеріне жүргізіледі; егер олар бір тұлға болмаса, онда төлем олардың жазбаша өтініші негізінде Сақтандырылушы тұлғаға немесе оның мұрагерлеріне жүргізіледі.

17.8. Егер бұл Сақтандыру шартында көзделген болса, Ережелердің 4.1-тармағының 1), 2) тармақшаларында көзделген сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру сомасына қосымша бонустық сақтандыру сомасы төленеді.

17.9. Егер сақтандыру жағдайы орын алған сәтке қарай Сақтанушы кезекті сақтандыру жарнасын төлемеген болса, онда Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде төлем сомасынан Сақтанушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне қалыптасқан берешегі мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

17.10. Төлемдер сомаларды Пайда алушы көрсеткен, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкінде ашылған банктік шотқа аудару жолымен жүзеге асырылады.

17.11. Егер Пайда алушы 17 жасқа дейінгі (қоса алғанда) кәмелетке толмаған тұлға болса және Тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, сақтандыру төлемі оның заңды өкілдерін хабардар ете отырып, оның банктік шотына немесе Сақтандырушыға қорғаншылық және қамқоршылық органдарының тиісті рұқсаты ұсынылған кезде заңды өкілінің шотына аударылады.

17.12. Егер мәлімделген оқиға бірнеше сақтандыру тәуекелдері бойынша сақтандыру жағдайы деп танылса, онда сақтандыру төлемі олардың әрқайсысы бойынша жүргізіледі.

17.13. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға, егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, мынадай құжаттар ұсынылуы тиіс:

- 1) Сақтандырушы белгілеген нысан бойынша өтініш;
- 2) Сақтандыру шартының көшірмесі (куәландырусыз) немесе Сақтандырушының талабы бойынша түпнұсқасы;

- 3) Пайда алушының немесе оның өкілінің, сондай-ақ, егер ол өтініш білдірген тұлға болмаса, төлемді алушының жеке басын куәландыратын электрондық құжат, Пайда алушы өкілінің өкілеттігін растайтын тиісті түрде ресімделген құжат (соның ішінде сенімхат, жеке тұлғалар үшін ЖСН, заңды тұлғалар үшін БСН бар құжат), сондай-ақ Пайда алушыны сәйкестендіру үшін қажетті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құжаттар (түпнұсқасы көрсету үшін);

17.14. Сақтандыру жағдайын — Сақтандырылушының жинақтау кезеңі аяқталғанға дейін тірі болуын растау үшін Ережелердің 17.13-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) өтініш берілген күнге нотариалды куәландырылған Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе Сақтандырылушының жеке келуі (қажет болған жағдайда). Мұндай дәлелдемелерді ұсынбау Сақтандырушыға олар ұсынылғанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқық береді.

17.15. Сақтандырылушы тұлға қайтыс болған жағдайда Ережелердің 17.13-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) Сақтандырылушы тұлғаның қайтыс болуы туралы куәлік;

2) қайтыс болу себебі көрсетілген ресми құжат: қайтыс болу туралы түпкілікті медициналық куәлік және/немесе қайтыс болу туралы анықтама немесе қайтыс болу себебін анықтайтын басқа құжат (мысалы, сот-медициналық зерттеу актісі, патологоанатомиялық сою хаттамасы);

3) егер оқиға ауру нәтижесінде орын алса, Сақтандырушыға сақтандыру оқиғасының мән-жайларын ашатын және емдеу-профилактикалық немесе денсаулық сақтаудың ерекше типтегі мекемелері және/немесе жеке дәрігерлер берген медициналық құжаттар ұсынылуы тиіс (бұл ретте ең көп таралған құжаттар Сақтандырылушы тұлғаның амбулаториялық картасынан және/немесе ауру тарихынан (стационарлық емделген жағдайда) үзінді көшірме, басқа да медициналық құжаттар болып табылады);

4) егер оқиға өзге де себептер нәтижесінде орын алса, егер оқиға немесе оның мән-жайлары ҚР ІІМ, ҚР ТЖМ, прокуратура органдары мен мекемелерінде немесе өзге де құзыретті билік органдарында/ұйымдарда/мекемелерде тіркелген болса немесе олармен тіркелуі тиіс болса, Сақтандырушыға осы органдардан құжаттар (хаттамалар, қаулылар, анықтамалар, ұйғарымдар, өндірістегі жазатайым оқиға туралы акт және т.б.) ұсынылуы тиіс;

5) егер оқиға жол-көлік оқиғасы нәтижесінде орын алса, осы тармақтың алдыңғы тармақшаларында көрсетілген құжаттарға қосымша, мас күйін куәландыру актісі немесе сақтандыру оқиғасы сәтінде Сақтандырылушы тұлғаның (немесе Сақтандырылушы тұлға көлік құралын басқаруды берген тұлғаның) алкогольдік, есірткілік немесе токсикоманиялық мас күйінде болған-болмағаны туралы ақпараты бар басқа құжат ұсынылады;

6) егер Сақтандырылушының қайтыс болуы жазатайым оқиға нәтижесінде орын алса, құзыретіне жазатайым оқиғаның орын алу фактісін растау, орын алған салдарларды, сондай-ақ олардың арасындағы себепті байланысты нақтылау жататын тиісті уәкілетті органның құжаты;

7) егер Сақтандыру шартында Пайда алушы тағайындалмаса, нотариус берген, барлық мұрагерлер мен олардың мүліктік үлестері көрсетілген мұрагерлік құқығы туралы куәлік немесе заңнамада көзделген және мұрагерлер тобын анықтайтын өзге құжат. (көшірмелері: мұрагерлік құқығы туралы куәліктің, жеке басын куәландыратын құжаттың; мұрагердің ЖСН).

17.16. Сақтандырылушы тұлғаға 1 немесе 2-топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда Ережелердің 17.13-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) медициналық-әлеуметтік сараптаманың мемлекеттік мекемесі берген, Сақтандырылушы тұлғаның мүгедектігін белгілеу фактісін және тобын куәландыратын ресми құжат: мүгедектікті белгілеу туралы анықтама;

2) медициналық-әлеуметтік сараптаманың мемлекеттік мекемесі берген, бұрын белгіленген мүгедектік топтары туралы анықтамалар (мүгедектік тобы қайта белгіленген жағдайда);

3) мүгедектіктің себебін (негізгі диагнозын) қамтитын ресми құжаттар: медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдама, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу хаттамасы, медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу хаттамасынан үзінді көшірме және т.б.;

4) Ережелердің 17.15-тармағының 3)-5) тармақшаларында көрсетілген құжаттар.

17.17. Сақтандырылушы жол-көлік оқиғасында (бұдан әрі – ЖКО) қайтыс болған жағдайда Ережелердің 17.13-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылады:

1) жүргізуші жол-көлік оқиғасында қайтыс болған жағдайда – берген мекеме немесе тергеу органдары куәландырған қандағы және басқа биологиялық сұйықтықтардағы алкоголь

және/немесе есірткілік, токсикалық заттардың құрамын зерттеу нәтижелері, сондай-ақ жүргізуші куәлігінің көшірмесі. Егер Сақтандырылушы көлік құралының жолаушысы немесе жаяу жүргінші болса, ЖКО-да зардап шеккені туралы анықтаманы (немесе өзге құжатты) ұсыну қажет, онда Сақтандырылушы ЖКО-да зардап шеккен жолаушы немесе жаяу жүргінші ретінде көрсетіледі.

17.18. Сақтандырылушының және/немесе Қосымша Сақтандырылушының «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» аталғандардың ішінен дене жарақатын алуы сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде Ережелердің 17.13-тармағында аталған құжаттарға қосымша мыналар ұсынылуы тиіс:

1) рентгенологиялық зерттеулердің нәтижелері (рентгенолог дәрігердің қорытындысы бар кез келген тасымалдағыштағы рентгенограммалар);

2) Сақтандырылушы тұлғада Сақтандыру шартын жасасқанға дейін болған аурулар мен жарақаттар туралы ақпараты бар амбулаториялық науқастың медициналық картасы немесе амбулаториялық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;

3) егер стационарлық емдеу/реанимацияда болу орын алса, мәлімделген оқиға бойынша жүгінген күні, анамнезі, диагнозы, жүргізілген тексеру, емдеу және емделу мерзімдері туралы ақпараты бар стационарлық науқастың медициналық картасы немесе стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме.

17.19. Жазатайым оқиға нәтижесінде уақытша еңбекке қабілеттіліктен айырылу сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде Ережелердің 17.13., 17.17-тармақтарында аталған құжаттарға қосымша мәлімделген оқиға бойынша емдеу жүргізілген, жұмыс берушінің белгісі бар, емдеу мекемелері берген еңбекке жарамсыздық парақтары ұсынылуы тиіс.

17.20. Сақтандырылушы тұлғада ауыр науқастанулар тізбесіне (2-қосымша) кіретін ауыр науқастанудың алғашқы рет анықталуы сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиға орын алған кезде Ережелердің 17.13-тармағында аталған құжаттарға қосымша мынадай құжаттарды ұсыну қажет:

1) Сақтандырылушы тұлғада Сақтандыру шартын жасасқанға дейін болған аурулар мен жарақаттар туралы ақпараты бар амбулаториялық науқастың медициналық картасы немесе амбулаториялық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;

2) егер стационарлық емдеу/реанимацияда болу орын алса, мәлімделген оқиға бойынша жүгінген күні, анамнезі, диагнозы, жүргізілген тексеру, емдеу және емделу мерзімдері туралы ақпараты бар стационарлық науқастың медициналық картасы немесе стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме;

3) медицина мекемесі берген, «ауыр науқастану» диагнозына сәйкес келетін медицина саласындағы маманның білікті қорытындысы бар құжаттар (тиісті мамандандырылған дәрігердің қолы қойылған қорытынды немесе анықтама, дәрігерлік-консультациялық комиссияның анықтамасы). Құжаттарда диагноз туралы мәліметтер, диагноз қоюға негіз болған зерттеу деректері, диагноздың алғаш рет қойылған күні болуы тиіс — түпнұсқалар немесе құжатты берген мекеменің мөрімен куәландырылған құжаттардың көшірмелері Сақтандырушының қызметкерлерінің қарап шығуы және көшірмесін жасауы үшін;

4) диагноз қоюға негіз болған зертханалық, функционалдық және аспаптық тексеру әдістерінің нәтижелері, қорытындылары, жалпы клиникалық зерттеу әдістерінің деректері — Сақтандырушының қызметкерлерінің қарап шығуы және көшірмесін жасауы үшін түпнұсқалар.

17.21. 4.2-тармақтың 11) тармақшасындағы сақтандыру жағдайы орын алған кезде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда төленген сақтандыру жарналарының сомасы төленеді, Сақтандырылушы тірі болған жағдайда — сақтандыру сомасы төленеді.

17.22. Егер сақтандыру жағдайы Сақтандырылушының өзіне-өзі қол жұмсау әрекетінің нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде орын алса (растаушы құжаттар болған кезде), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

17.23. Егер сақтандыру жағдайы жинақтау кезеңінде осы Ережелердің 5.1-тармағының 1) – 8), 11), 13), 14) тармақшаларында көрсетілген оқиғалардың нәтижесінде тікелей немесе жанама түрде орын алса, сақтандыру төлемінің мөлшері сақтандыру жағдайы орын алған күнге сатып алу сомасына тең болады.

17.24. Сатып алу сомасының мөлшері Ережелердің 12-тарауына сәйкес анықталады.

17.25. Егер Ережелердің ережелерінде тікелей өзгеше көзделмесе, құжаттар түпнұсқа түрінде немесе нотариалды не құжатты берген және/немесе оның түпнұсқасы бар орган/мекеме/ұйым куәландырған көшірмелер түрінде ұсынылуы тиіс.

17.26. Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде немесе қазақ немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.

17.27. Сақтандырушы өз қалауы бойынша ұсынылған құжаттардың жеткіліктілігі туралы шешім қабылдауға, сондай-ақ жетіспейтін құжаттарды, мәліметтерді немесе ақпаратты сұратуға немесе құжаттардың белгіленген тізбесін қысқартуға құқылы. Тізбе қысқартылған жағдайда Сақтандырушы өз бетінше сараптама жүргізеді, фактілерді анықтайды және орын алған оқиғаның себептері мен мән-жайларын анықтайды.

17.28. Төлем қазақстандық теңге валютасында жүргізіледі.

17.29. «Баламалы сақтандыру» кезінде, егер Сақтандыру шартында бағамды анықтаудың өзге күні белгіленбесе, сақтандыру төлемі төлем жасалған күнге Сақтандыру шартында белгіленген бағам бойынша қазақстандық теңге валютасында жүргізіледі.

18. Сақтандырылушы сақтандыру мерзімі аяқталғанға дейін тірі болған жағдайда аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен шарттары

18.1. Сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен не аннуитеттік (кезеңдік) төлемдермен қолма-қол ақшасыз төлем түрінде жүзеге асырылады. Аннуитеттік төлемдерді жүзеге асырудың мөлшері, тәртібі мен мерзімі тараптардың келісімі бойынша айқындалады және Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінде көрсетіледі.

18.2. Төлемдердің кезеңділігі Сақтанушының таңдауы бойынша – ай сайын, тоқсан сайын, жарты жылда бір рет, жыл сайын немесе өзге де тәртіппен белгіленуі мүмкін. Аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру кезінде оларды алудың міндетті шарты – Сақтандырылушының әрбір кезеңдік аннуитеттік төлем басталған күнге дейін тірі болуы.

18.3. Аннуитеттік төлемдер басталған күннен кейін аннуитеттік төлемдердің және бонус түріндегі аннуитеттік төлемдердің (олар болған жағдайда) кезеңділігі, мерзімі және мөлшері Пайда алушының келісімімен жылына бір реттен жиі емес сақтандыру полисінің жылдығында немесе Пайда алушының келісімімен Тараптардың (Сақтанушы мен Сақтандырушының) келісімі бойынша айқындалатын өзге мерзімде өзгертілуі мүмкін. Бұл ретте, Тараптардың (Сақтанушы мен Сақтандырушының) келісімі бойынша және Пайда алушының келісімімен барлық болашақ (қалған) аннуитеттік төлемдердің келтірілген құнына тең біржолғы төлемді алуға жол беріледі және бұл жағдайда Сақтандырушының сақтандыру полисі бойынша міндеттемелері толық көлемде орындалды деп есептеледі. Осы тармақтың талаптары 18.4-тармақта көрсетілген жағдайларға қолданылмайды.

18.4. Бірінші аннуитеттік төлем және бонус түріндегі аннуитеттік төлем Сақтандырушы Ереженің 17.13, 17.14-тармақтарында көзделген құжаттарды алған жағдайда, сақтандыру мерзімі аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, ал кейінгі аннуитеттік төлемдер – сақтандыру полисінде көрсетілген аннуитеттік төлемнің кезеңділігіне сәйкес жүзеге асырылады.

18.5. Төлемдер кезеңінде аннуитеттік төлемдерді және бонус түріндегі аннуитеттік төлемдерді (олар болған жағдайда) жүзеге асыру Сақтандырылушы қайтыс болған күннен бастап тоқтатылады.

18.6. Егер Сақтандыру шартында төлемдер кезеңінде кепілдік берілген мерзім көзделсе, онда аннуитеттік төлем және бонус түріндегі аннуитеттік төлем (ол болған жағдайда)

Сақтандырылушының тірі немесе қайтыс болғанына қарамастан кепілдік берілген мерзім ішінде жүзеге асырылады.

18.7. Сақтандырушы төлемдер кезеңінде кепілдік берілген мерзім болмағанда немесе ол аяқталғаннан кейін Сақтанушыдан не аннуитеттік төлемдерді алушыдан (Пайда алушыдан) Сақтандырылушының тірі екендігі туралы дәлелдемелерді ұсынуды талап етуге құқылы. Мұндай дәлелдемелерге мыналар жатуы мүмкін:

- 1) Сақтандырылушының жеке басын куәландыратын құжаттың Сақтандырушының сұрау салған күніне нотариалды куәландырылған көшірмесін ұсыну;
- 2) нотариус берген, Сақтандырушының сұрау салған күніне Сақтандырылушының тірі екендігі фактісін растайтын құжат;
- 3) Сақтандырылушының Сақтандырушы көрсеткен мекенжай бойынша және мерзімдерде жеке келуі.

18.8. Мұндай дәлелдемелер ұсынылмаған жағдайда, Сақтандырушы олар ұсынылған сәтке дейін аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыруды тоқтата тұруға (кейінге қалдыруға) құқылы. Егер Пайда алушы/Сақтанушы осы тармақта көзделген дәлелдемелерді Сақтандырушының алғашқы сұрау салған күнінен бастап бір жыл ішінде ұсынбаса, аталған мерзім өткеннен кейін шарттың қолданылуы тоқтатылады, ал Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелері толық көлемде орындалған деп танылады.

18.9. Кепілдік берілген мерзімсіз немесе кепілдік берілген мерзім аяқталғаннан кейін аннуитеттік төлемдерді және бонус түріндегі аннуитеттік төлемдерді (олар болған жағдайда) жүзеге асыру кезінде Сақтандырылушы заңнамада белгіленген тәртіппен хабар-ошарсыз кеткен деп танылған жағдайда, Сақтандырушы аннуитеттік төлемдерді және бонус түріндегі төлемдерді (олар болған жағдайда) жүзеге асыруды тоқтата тұрады.

18.10. Кепілдік берілген мерзімсіз немесе кепілдік берілген мерзім аяқталғаннан кейін аннуитеттік төлемдерді және бонус түріндегі аннуитеттік төлемдерді (олар болған жағдайда) жүзеге асыру кезінде Сақтандырылушы заңнамада белгіленген тәртіппен қайтыс болды деп танылған жағдайда, Сақтандыру шарты өз қолданысын тоқтатады және Сақтандырушының Сақтандыру шарты бойынша міндеттемелері толық көлемде орындалды деп есептеледі.

18.11. Егер кепілдік берілген мерзімсіз немесе кепілдік берілген мерзім аяқталғаннан кейін аннуитеттік төлемдерді және бонус түріндегі аннуитеттік төлемдерді (олар болған жағдайда) жүзеге асыру кезінде аннуитеттік төлемдер Сақтандырушы тарапынан Сақтандырылушы қайтыс болғаннан кейін жүзеге асырылса, артық төленген ақша сомасын оларды алған тұлға Сақтандырушыға қайтаруға тиіс. Осы тармақта көрсетілген сомаларды қайтармау немесе ішінара қайтару оларды сот тәртібімен талап етуге негіз болып табылады.

18.12. Аннуитеттік төлемдерді жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы бұл туралы Пайда алушыны хабардар ете отырып, одан Сақтандырушы алдындағы Сақтандыру шарты бойынша кез келген берешек мөлшеріндегі соманы ұстап қалуға құқылы.

18.13. Аннуитеттік төлемдерге салық салу Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынуға міндетті.

18.14. Пайда алушы Сақтандырушыға жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынуға міндетті.

19. Сақтандырушыны сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босату негіздері

19.1. Сақтандырушы мынадай жағдайларда сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға құқылы:

- 1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдарлары туралы көрінеу жалған мәліметтерді, сондай-ақ

Ережелердің 9.11-тармағына сәйкес Сақтандырушыға ұсынылуы тиіс өзге де мәліметтерді хабарлауы (растаушы құжаттар болған кезде);

2) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының орын алу мән-жайларын тергеп-тексеруіне кедергі жасауы (растаушы құжаттар болған кезде);

3) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының орын алғаны туралы уақтылы білгені немесе Сақтандырушыда бұл туралы мәліметтердің болмауы оның сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетіне әсер ете алмағаны дәлелденген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайы орын алған күннен бастап 180 (жүз сексен) күнтізбелік күн ішінде Сақтандырушыға бұл туралы жазбаша нысанда хабарламауы.

4) Сақтандырушының мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауы үшін қажетті құжаттарды осы Ережелердің 15, 17-тарауларының тармақтарында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Сақтандырушыға ұсынбауы.

20. Пайдаға қатысу. Сақтандыру дивидендтерін есептеу шарттары мен тәртібі

20.1. Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушының пайдасын сақтанушылар арасында бөлу аяқталған қаржы жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

20.2. Жыл сайын Сақтандырушы өзінің қызметі нәтижесіндегі пайданың (ол болған жағдайда) Сақтанушылардың пайдаға қатысу шарты көзделген сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері түрінде бөлінуге жататын бөлігінің сомасын анықтайды.

20.3. Пайданы бөлу шарттары, тәртібі мен мерзімдері, Сақтандырушы алатын сыйақының мөлшері мен алу тәртібі (бар болса) Сақтандырушының ішкі құжаттарымен белгіленеді. Сақтандырушы пайдасының сақтанушылар арасында бөлінетін бөлігінің мөлшері туралы шешімді Сақтандырушының Директорлар кеңесі қабылдайды.

20.4. Сақтандыру дивидендтері 2 (екі) жылдық минималды жинақтау мерзімі болғанда, сақтандырудың 3 (үшінші) жылынан бастап, 1 қаңтардағы жағдай бойынша сатып алу сомасына есептеледі.

20.5. Сақтандыру дивидендтері жинақтау кезеңінде де, төлемдер кезеңінде де есептеледі.

20.6. Сақтандыру полисі Төленген полиске ауыстырылған кезде Сақтанушының пайдаға одан әрі қатысу құқығы сақталады.

20.7. Сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру дивидендтері бонустық сақтандыру сомасын, бонустық сатып алу сомасын және бонустық аннуитеттік төлемді қалыптастыру үшін пайдаланылады.

20.8. Пайданы бөлуге оның бөліну жылына сәйкес келетін өзінің жылдығы (годовщина) күніне қолданыста болған сақтандыру шарттары (сақтандыру полистері) қатысады.

20.9. Егер сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) пайда бөлінетін жылға сәйкес келетін өзінің жылдығы күніне тоқтатылған немесе бұзылған болса, бірақ кейіннен сақтандыру ережелеріне сәйкес қайта қалпына келтірілсе, ол келесі сақтандыру жылының пайдасын бөлуге қатысады (қалпына келтіру сақтандыру шартының келесі жылдығына дейін жүзеге асырылған жағдайда).

20.10. Сақтандырушы жыл сайын, пайда бөлінген жылдан бастап, есепті жылдан кейінгі айдың он төрт жұмыс күні ішінде, сондай-ақ кез келген сұратылған күнге сұрау салу бойынша сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша мынадай ақпаратты ұсынады:

- 1) Сақтанушыға есептелген Сақтандырушы пайдасының сомасы туралы;
- 2) есепті кезеңде пайданың есептелмеу себептері туралы (бар болса).

Хабарлама жазбаша түрде ресімделеді және Сақтанушыға пошта байланысы, электрондық пошта немесе байланыстың өзге де түрлері арқылы жіберіледі.

20.11. Сақтанушының Сақтандырушы пайдасына қатысуына байланысты есептелген бонустық сомаларды жинақталған сомаларды ескере отырып төлеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) сақтандыру төлемінің құрамында сақтандыру жағдайы орын алғанда;
- 2) сақтандыру төлемінің құрамында сақтандыру мерзімі аяқталғанда;
- 3) сатып алу сомасының құрамында сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылғанда.

21. Қарыз алу

21.1. Сақтанушы екі жыл бойы сақтандыру сыйлықақыларын төлеген жағдайда, Сақтанушы Сақтандырушымен келісілген мөлшерде, сатып алу сомасы шегінде, Сақтандырушы тиісті қаржы жылына белгілеген қарыздың ең жоғары рұқсат етілген сомасынан аспайтын мөлшерде қарыз алуға құқылы. Бұл ретте қарыздың ең жоғары рұқсат етілген сомасы Сақтандырушының Сақтанушыға берген өтелмеген қарыздарын және осындай қарыздар бойынша сыйақыларды шегергендегі сатып алу сомасынан аспауы керек.

21.2. Сақтандырушы мен Сақтанушы арасындағы қарыз шарты Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес жасалады.

21.3. Сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы Сақтанушының алынған қарызды қайтаруын қамтамасыз ету болып табылады және қарыз сомасы мен қарыз берілген бір жыл кезеңі үшін есептелген сыйақыны жабады. Қарыз беру мерзімі қарыз шартын жасасу сәтіндегі оның қолданылуының нақты өткен кезеңін шегергендегі сақтандыру шартының қолданылу мерзімінен аспауы тиіс.

21.4. Қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі қарыз шартына екі тарап қол қойған сәтте көрсетіледі және қарыз шартының бүкіл қолданылу кезеңінде өзгеріссіз қалады.

21.5. Қарыз кез келген мақсатқа, соның ішінде қарыз сомасын есепке ала отырып белгіленетін мерзімге сақтандыру шарты бойынша кезекті сақтандыру жарналарын төлеуді кейінге қалдыру түрінде беріледі.

21.6. Сақтанушы қарыз сомасын және есептелген сыйақыны қарыз шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін өтемеген (толық немесе ішінара) жағдайда, сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасының мөлшері Сақтанушының қарыз шарты бойынша берешегінің сомасына азайтылады. Сақтандыру шарты қолданылуының әрбір келесі жылы үшін сақтандыру сомасының мөлшері мен сатып алу сомасының мөлшері сақтандыру шарты бойынша соңғы сақтандыру жарнасы төленген күндегі сатып алу сомасының мөлшерін негізге ала отырып, жүргізілген азайтуды ескере отырып анықталады.

21.7. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасының мөлшері сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы азайтылған сәтте не сақтандыру сомасының төлемі жүзеге асырылған сәтте азайтылады.

21.8. Қарыз бойынша берешек сомасы қарыз нысанасы болып табылатын ақша сомасын, қарыз бойынша сыйақыны және қарыз бойынша өсімпұлды (ол болған жағдайда) қамтиды.

21.9. Сақтанушының қарыздарды өтеу және осындай қарыздар бойынша сыйақыларды төлеу жөніндегі кез келген берешегі Сақтандырушының Пайда алушыға (Сақтанушыға) төлеуіне жататын ақша сомаларынан ұсталуы мүмкін.

21.10. Қарыз шарты бойынша жалпы берешек, егер сол уақытқа дейін Сақтанушының аталған берешегі өтелмеген болса, сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда сатып алу сомасын төлеу кезінде, сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандырушы төлеуге тиіс ақша сомаларынан ұсталуға жатады.

21.11. Егер қарыз шарты бойынша берешек сомасы сатып алу сомасының мөлшеріне жетсе, онда сақтандыру шарты бойынша сатып алу сомасы мен сақтандыру сомасының мөлшері нөлге тең деп есептеледі. Сақтандырушы бұл туралы сақтанушыны сақтандыру шарты бойынша сатып алу және сақтандыру сомасы азайтылатын күнге дейін 30 күнтізбелік күн бұрын хабардар етеді және аталған күннен бастап сақтандыру шартын біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

21.12. Сақтанушы төлейтін ақша сомалары төмендегідей тәртіппен есепке алынуға жатады:

1) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыз бойынша өсімпұлды (ол болған жағдайда) өтеу есебіне;

2) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыздар бойынша сыйақыны өтеу есебіне;

3) қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыздың негізгі сомасын өтеу есебіне;

4) сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру жарнасы есебіне.

21.13. Егер Сақтанушы төлеген ақша сомасы сақтандыру шартының талаптарына сәйкес кезекті сақтандыру жарнасын төлеу үшін жеткіліксіз болса (21.12-тармақта белгіленген есепке алу тәртібіне сәйкес), Ережелердің 37.5-тармағына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кейінге қалдыру бойынша салдарлар туындайды.

21.14. Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру шарты бойынша бірнеше дәйекті қарыз берген кезде, олар кейіннен осы тарауда баяндалған талаптар мен шектеулер қолданылатын бір қарыз ретінде қарастырылады.

21.15. Сақтанушы қарызды мерзімінен бұрын өтеген кезде Сақтандырушыға қайтарылатын сома негізгі борыштың қалдығынан және қарызды мерзімінен бұрын өтеу күніне есептелген пайыздар мен өсімпұлдан (ол болған жағдайда) тұрады.

21.16. Сақтандыру төлемдерінің сомаларын аударуға, есепке алуға және төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу сақтандыру ұйымының (Сақтандырушының) өз қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

22. Қосымша өтеуі бар сақтандыру шартын жасау ерекшеліктері

22.1. Сақтандыру шартын жасау барысында, Ережелердің 4.1 тармағында қарастырылған сақтандырудың негізгі талаптарынан басқа, тараптар 4.2 тармақтың 1)–11) тармақшаларына сәйкес қосымша сақтандыру өтеуінің шарттарын қарастыруы мүмкін.

22.2. Қосымша сақтандыру өтеулері келесілер болып табылады:

1) Сақтандырылушының жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болуы жағдайында қосымша сақтандыру сомасын төлеу;

2) Сақтандырылушының жол-көлік оқиғасы нәтижесінде қайтыс болуы жағдайында қосымша сақтандыру сомасын төлеу;

3) Жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде кез келген себеппен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы жағдайында сақтандыру жарналарын төлеуден босату;

4) Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берілу (әрі қарай мәтін бойынша – жазатайым оқиға нәтижесінде еңбек ету қабілетін жоғалту);

5) Жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту жағдайында біржолғы сақтандыру төлемін төлеу:

- бірінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда сақтандыру сомасы 100%;
- екінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда сақтандыру сомасы 80%;

6) Жинақтау кезеңінде кез келген себеппен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту жағдайында біржолғы сақтандыру төлемін төлеу:

- бірінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда сақтандыру сомасы 100%;
- екінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда сақтандыру сомасы 80%;

7) Жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының жарақат алуы жағдайында дене жарақаттары жөніндегі Төлем кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес төлемдер;

8) Жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алу жағдайындағы Қосымша Сақтандырылушыны дене жарақаттарына сәйкес сақтандыру (осы Ережелердің 1-қосымшасы);

9) Жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының уақытша еңбек ету қабілетін жоғалту жағдайында сақтандыру;

10) Жинақтау кезеңінде жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу жағдайында сақтандыру;

11) Жинақтау кезеңінде алғаш рет диагностикаланған Сақтандырылушының ауыр науқастануы жағдайында сақтандыру;

12) Сақтандырылушының өмір бойы сақтандыруы, қайтыс болған жағдайда сақтандыру жарналарын төлеу арқылы.

22.3. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда сақтандыру жарналарын төлеуден босату, жазатайым оқиға немесе кез-келген себеп нәтижесінде Сақтандырылушы еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда біржолғы сақтандыру төлемі бойынша қосымша өтеу Сақтандыру полисіне бір мезгілде енгізіле алмайды.

22.4. Сақтандыру полисінде Сақтандырылушының жазатайым оқиға нәтижесінде қайтыс болған жағдайда біржолғы сақтандыру төлемі және жол-көлік оқиғасы нәтижесінде қайтыс болған жағдайда біржолғы сақтандыру төлемі бір мезгілде енгізіле алмайды.

22.5. Басқа жағдайларда Сақтанушы жоғарыда аталған қосымша сақтандыру өтеулерінің кез келген комбинациясын таңдауға құқылы.

22.6. Сұралатын қосымша сақтандыру өтеуі туралы Сақтанушы сақтандыру шартын жасау барысында Сақтандырушы белгілеген үлгі бойынша сақтандыру өтінішіне белгі жасауы қажет. Сақтандырушы қосымша өтеуге қатысты сақтандыру шартын жасауға келіскен жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға тиісті мәліметтердің көрсетілуімен полис береді.

22.7. Осы Тарауға сәйкес қосымша өтеулер жөніндегі талаптар – егер сақтандыру полисінде сақтандыру шарты сақтандырудың қосымша талаптарын қамтитыны нақты қарастырылған болса, сондай-ақ Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) толық көлемде төлеген жағдайында қолданылады.

23. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша сақтандыру сомасын төлеу

23.1. Сақтандырылушының қайтыс болуына әкелген, жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиғадан сақтану талаптары бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) – жазатайым оқиға орын алған сәттен бастап алты ай ішінде жазатайым оқиға себебінен орын алған Сақтандырылушының өлімі табылады.

23.2. Егер сақтандыру шартымен жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған кезде Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының 100% мөлшерінде Пайда алушыға қосымша сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

23.3. Осы баптың 23.1 тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру төлемі сақтандыру мерзімі бойында орын алған кез келген себептен Сақтандырылушының қайтыс болу жағдайына қатысты сақтандыру шарты бойынша сақтандыру төлеміне қосымша жасалады, егер Сақтандырылушының өлімі жазатайым оқиға нәтижесінде орын алып, Ережелердің 5, 19 және 30 тармақтарында көрсетілген талаптар ескерілсе.

23.4. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтанушы немесе Пайда алушы 180 (жүз сексен) календарлық күн ішінде сақтандыруға жататын оқиға туралы Сақтандырушыны хабардар етеді.

23.5. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан осы Ережелердің 15 және 17-тармақтарында көрсетілген тәртіп пен мерзімдерге сәйкес жүзеге асырылады.

24. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалтқан жағдайда сақтандыру жарналарын төлеуден босату

24.1. Сақтандырылушының мүгедектігіне әкеліп соқтырған жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту жағдайына сақтандыру жарналарын төлеуден босату болып табылатын сақтандыру шартының қосымша талабы бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) – жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы болып табылады. Бұл ретте, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік жазатайым оқиға орын алғаннан кейін он екі айдан кешіктірмей Сақтандырылушыға белгіленген болуы тиіс. Сақтандыру шарты жасалғаннан кейін қабылданған мүгедектікке анықтау жүргізетін заңнамаға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар аталған сақтандыру шарты аясында Сақтандырушының

жауапкершілігін арттыруға әкелмейді, егер де тараптардың келісімі бойынша өзге жағдай қарастырылмаған болса.

24.2. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру шарты негізгі сақтандыру өтеуі бойынша қолданылуын жалғастырады және сақтандыру полисінде көрсетілген басқа қосымша сақтандыру өтеулері бойынша қолданылуын тоқтатады, ал Сақтанушы мүгедектік берілген күннен бастап, мүгедектік белгілеу мерзімі аяқталғанға дейін (бірақ сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру мерзімінен артық емес) кейінгі сақтандыру жарналарын төлеу міндетінен босатылады.

24.3. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту дерегі бойынша Органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселесін қарастырса, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұрауға құқылы болады.

24.4. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалту бойынша қылмыстық іс қозғалса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес Органдар процессуалдық шешім шығарғанға дейін, мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы болады. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыруға міндетті.

24.5. Ережелердің 5,19,30 тармақтарымен қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан еңбек ету қабілеттілігін жоғалту орын алған жағдайда, Сақтандырушы оқиғаны сақтандыру оқиғасы ретінде мойындамауға құқылы болады және Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуден босатылмайды.

24.6. Сақтандыру шартында қосымша сақтандыру өтеу талаптары бар болған жағдайда және жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы түріндегі сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы келесі тармақтарға сәйкес құқыққа ие болады:

1) Сақтандырылушыға мүгедектік берілуімен оның еңбек ету қабілетінен айрылғандығын белгілеу (Сақтандырылушының мүгедектігін қайта куәландыру) туралы анықтаманы Сақтанушыдан / Сақтандырылушыдан кез келген уақытта талап ету;

2) жылына бір реттен жиі емес дүркіндікпен Сақтандырылушыны өз есебінен (көліктік шығындарды қоспағанда) Сақтандырушы белгілеген дәрігерлердің қосымша медициналық тексеруінен өтуге жіберу;

3) медициналық-әлеуметтік сараптама комиссиясы қызметкерлерінің негізсіз қорытындыларына және/немесе мемлекеттік уәкілетті органдар қызметкерлерінің мүгедектік туралы құжатты заңсыз беруіне Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте шағымдану.

24.7. Мүгедектік белгіленген Сақтандырылушының келесі міндеттері бар:

1) Сақтандырушыға немесе дәрігерлерге, медициналық мекемелер мен өзге тұлғаларға қажетті құжаттарды (анықтамаларды, қорытындыларды, ауру тарихының, медициналық карталардың үзінді көшірмелерін, зертханалық-аспаптық зерттеулердің қорытындыларын) – сақтандыру оқиғасының орын алу жағдайларын тергеу үшін Сақтандырушының сұрауы бойынша оған беру туралы жазбаша келісім беру;

2) тексеруші және емдеуші дәрігердің нұсқауларын орындау;

3) Сақтандырылушы қайта куәландырудан өткеннен кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде, Сақтандырылушыға мүгедектік берумен (Сақтандырылушының мүгедектігін қайта куәландырумен) оның еңбек ету қабілетінен айрылуын белгілеу туралы анықтаманы Сақтандырушыға беру;

4) Сақтандырушының талабы бойынша жылына бір реттен жиі емес дүркіндікпен Сақтандырушы белгілеген медициналық мекемеде Сақтандырушының есебінен (көліктік шығындарды есепке алмағанда) медициналық тексеруден өту.

25. Сақтандырылушының жазатайым оқиға немесе кез келген себеп нәтижесінде еңбек ету қабілетінен айрылу жағдайындағы біржолғы сақтандыру төлемі

25.1. Сақтандыру шартының қосымша талабына сәйкес, Сақтандырылушының мүгедектігіне себеп болған жазатайым оқиғаға қатысты сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) – жинақтау кезеңінде болған жазатайым оқиға нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетінен айрылуы болып табылады.

25.2. Сақтандыру шартының қосымша талабына сәйкес, кез келген себеп бойынша Сақтандырылушының мүгедектігіне әкелген жағдай – жинақтау кезеңінде кез келген себептен бірінші немесе екінші топтағы мүгедектікті берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетінен айрылуы болып табылады.

25.3. Бұл ретте, Сақтандырылушыға бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік – жазатайым оқиға немесе аурудың белгіленген күнінен кейін он екі айдан кешіктірмей белгіленуі тиіс. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған, мүгедектікке анықтау жүргізетін заңнамаларға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар аталған сақтандыру шарты аясында Сақтандырылушының жауапкершілігін арттыруға жол бермейді, егер де тараптардың келісімі бойынша өзге жағдай қарастырылмаса.

25.4. Егер Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырылушының жазатайым оқиға немесе кез келген себеп нәтижесінде бірінші немесе екінші топтағы мүгедектік алуымен еңбек ету қабілетін жоғалтуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы Пайда алушыға төмендегі мөлшерде төлем жасауға міндетті болады:

- бірінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда, сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасының 100%;
- екінші топтағы мүгедектік берілген жағдайда, сақтандыру шартымен белгіленген сақтандыру сомасының 80%.

25.5. Сақтандыру оқиғасы орын алып, оң шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырылушы осы баптың 25.4-тармағында қарастырылған сақтандыру төлемінен басқа, Сақтанушыға өтеп алынатын соманы және бонустық өтеп алынатын соманы төлеуді жүзеге асырады, егер олар бар болса. Бұл ретте, Сақтандыру шарты сақтандыру төлемі туралы шешім қабылданған күннен бастап барлық өтеулер бойынша өз қолданылуын тоқтатады.

25.6. 25.1 және 25.2-тармақтарда қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру төлемі Ережелердің 5, 19, 30 баптарында көрсетілген талаптардың ескерілуімен жүзеге асырылады.

25.7. Егер жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалту дерегі бойынша Органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырса, Сақтандырушы Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) немесе Органдардан қылмыстық істі қозғау туралы, қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы немесе қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы көшірмесін сұрауға құқылы болады.

25.8. Егер жазатайым оқиға немесе кез келген себеп нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілеттілігін жоғалту бойынша қылмыстық іс қозғалса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес Органдар процессуалдық шешім шығарғанға дейін, мәлімделген оқиға бойынша шешім қабылдауды кейінге қалдыруға құқылы болады. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жарналарын төлеуді жалғастыруға міндетті.

25.9. Ережелердің 5, 19, 30 баптарында қарастырылған негіздемелер бойынша және жағдайлардың салдарынан еңбек ету қабілетін жоғалту орын алған жағдайда, Сақтандырушы оқиғаны сақтандыру оқиғасы ретінде мойындамауға құқылы болады және Сақтанушы сақтандыру жарналарын төлеуден босатылмайды.

25.10. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер Сақтандыру шартында өзге жағдай қарастырылмаған болса.

26. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алу жағдайында дене жарақаты бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес төлемдер

26.1. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының дене жарақатын алуы түрінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес жүзеге асырылады.

26.2. Сақтандырушы Ережелердің 5, 19, 30 баптарында көрсетілген жағдайлардың салдарынан сақтандыру төлемдерінен босатылады.

26.3. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыға бірнеше дене жарақаты келіп, олар «Дене жарақаттарына төлемдер кестесінің» бір бөлімінде көрсетілген болса, сақтандыру төлемі ең үлкен мөлшердегі төлемге сәйкес жүргізіледі. Сақтандыру төлемі дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес белгіленген мөлшерде жасалады.

26.4. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыға бірнеше дене жарақаты келіп, олар «Дене жарақаттарына төлемдер кестесінің» әртүрлі бөлімдерінде көрсетілген болса, әрбір дене жарақатына бөлек төлем жүргізіледі, бірақ төлемдердің жалпы сомасы Сақтандырылушыға аталған қосымша төлеу бойынша сақтандыру сомасынан аспауы тиіс.

26.5. Бір немесе бірнеше дене жарақаты, бір жазатайым оқиға нәтижесінде келіп, «Дене жарақаттарына төлемдер кестесінің» бір тармағында көрсетілген болса, сақтандыру төлемі – дене жарақаттарының санына қарамастан, аталған тармаққа сәйкес анықталған мөлшерде жасалады.

26.6. Осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру шарты сақтандыру полисінде көрсетілген басқа сақтандыру өтеулері бойынша қолданылуын жалғастырады.

26.7. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін осы өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.

26.8. Қосымша сақтандырылушының дене жарақатын алуына себепші болған жазатайым оқиғадан сақтануға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері бұрын жасалған сақтандыру төлемінің (жасалған төлемдердің) сомасына сәйкес сақтандыру жылы бойында (бірінші немесе одан кейінгі) автоматты түрде азайтылуы тиіс болады. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиғаның болған күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасын төлеу шартымен, сақтандырудың келесі жылы басталған күнінде толық көлемде қалпына келтіріледі.

26.9. Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер тараптар келісімі бойынша өзге жағдай қарастырылмаған болса.

27. Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алған жағдайға Қосымша сақтандырылушыны сақтандыру (осы Ережелердің 1-қосымшасы)

27.1. «Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен, жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде жарақат алған жағдайға Қосымша сақтандырылушыны сақтандыру (осы Ережелердің 1-қосымшасы)» қосымша өтеуі бойынша Сақтандырылушы тұлға сақтандыру өтінішінде Сақтанушымен көрсетіледі.

27.2. Жазатайым оқиға нәтижесінде Қосымша сақтандырылушының жарақат алуы түріндегі сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі Дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне (осы Ережелердің 1-қосымшасы) сәйкес жүзеге асырылады.

27.3. Сақтандырушы осы Ережелердің 32 бабының 1-тармағында қарастырылған жағдайлардың салдарынан, сондай-ақ қатар осы Ережелердің 32 бабының 2-тармағына сәйкес негіздемелер бойынша жазатайым оқиға орын алған жағдайда сақтандыру төлемдерінен босатылады.

27.4. Сақтандыру төлемі – Қосымша сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» бір бөлімінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, сақтандыру төлемінің ең көп мөлшері бар жарақатты қарастыратын тармаққа сәйкес жүргізіледі – дене жарақаттарының санына қарамастан.

27.5. Сақтандыру төлемі – Қосымша сақтандырылушымен бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде орын алған және «Дене жарақаттары бойынша төлемдер кестесінің» әртүрлі бөлімдерінде келісілген бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, әр дене жарақаты бойынша бөлек жүзеге асырылады, бірақ сақтандыру төлемдерінің сомасы Қосымша сақтандырылушыға аталған қосымша төлеу бойынша сақтандыру сомасының мөлшерінен аса алмайды.

27.6. Оң шешім қабылданған жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінде белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасайды.

27.7. Осы сақтандыру жағдайы орын алған жағдайда, сақтандыру шарты сақтандыру полисінде көрсетілген қалған сақтандыру өтеулері бойынша өз қолданылуын жалғастырады.

27.8. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін, осы өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.

27.9. Қосымша сақтандырылушыға дене жарақатын алуға себеп болған жазатайым оқиғадан сақтануға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Қосымша сақтандырылушыға бұрын жасалған сақтандыру төлемінің (жасалған сақтандыру төлемдерінің) сомасына сақтандырудың белгілі жылы бойында (бірінші, одан кейінгі) автоматты түрде азайтылуы тиіс болады. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиғаның күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасын төлеу жағдайында, сақтандырудың келесі жылының басталу күнінде толық көлемде қалпына келтіріледі.

27.10. Пайда алушы – Қосымша сақтандырылушы болып табылады, егер де тараптардың келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.

28. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтқан жағдайға сақтандыру

28.1. Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуына себепші болған жазатайым оқиғаға қатысты сақтандыру шартының талаптары бойынша сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) жинақтау кезеңінде болған жазатайым оқиға болып табылады. Сақтандыру шартын жасағаннан кейін қабылданған еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуды анықтайтын заңнамаларға енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар аталған сақтандыру шарты аясында Сақтандырушының жауапкершілігін арттыруға жол бермейді, егер тараптар келісімінде өзге жағдайлар қарастырылмаса.

28.2. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер тараптар келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.

28.3. Егер сақтандыру шарты бойынша жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтуы қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы Пайда алушыға еңбекке жарамсыздық белгіленген күннен бастап жетінші күннен бастап әр күнтізбелік күн үшін осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасының 0,2% мөлшерінде сақтандыру төлемін жасауға міндетті. Бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде еңбек етуге уақытша жарамсыздық бойынша сақтандыру төлемі күнінің максималды саны 60 (алпыс) күнтізбелік күнді құрайды.

28.4. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру полисінде көрсетілген қалған сақтандыру өтеулері бойынша сақтандыру шарты өз қолданылуын жалғастырады.

28.5. Осы баптың 28.1-тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру төлемі – Ережелердің 5, 19, 30-баптарында көрсетілген талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

28.6. Оң шешім қабылданған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтініші негізінде сақтандыру полисінде белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы шегінде сақтандыру төлемін жасайды.

28.7. Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады, егер сақтандыру оқиғасы Ережелердің 5, 19, 30-баптарында көрсетілген жағдайлар мен негіздерге байланысты орын алса.

28.8. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін сақтандыру шарты бойынша өтеу – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.

28.9. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін уақытша жоғалтқан жағдайға сақтандыру бойынша сақтандыру сомасының мөлшері – бұрын жасалған сақтандыру төлемінің (жасалған сақтандыру төлемдерінің) сомасына сәйкес, сақтандырудың белгілі жылы ішінде (бірінші, одан кейінгі) автоматты түрде азаяды. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиға болған күнінде жүзеге асырылады. Келесі сақтандыру жарнасы төленген жағдайда, сақтандыру сомасының мөлшері келесі сақтандыру жылының басында толық көлемде қалпына келтіріледі.

29. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу жағдайындағы сақтандыру

29.1. Сақтандыру шартының талаптары бойынша жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу сақтандыру оқиғасы (сақтандыру тәуекелі) болып табылады, бұл жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиға нәтижесінде болады.

29.2. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Пайда алушы – Сақтандырылушы болып табылады, егер тараптар келісімімен өзге жағдайлар қарастырылмаса.

29.3. Егер сақтандыру шарты бойынша жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызу қосымша сақтандыру өтеуі ретінде қарастырылса, осы сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда Сақтандырушы жетінші күннен бастап, ауруханаға жатқызылған әр күнтізбелік күн үшін сақтандыру шартымен белгіленген осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасының 0,2% мөлшерінде Пайда алушыға сақтандыру төлемін жасауға міндетті.

29.4. Бір жазатайым оқиғаның орын алуы нәтижесіндегі ауруханаға жатқызу бойынша сақтандыру төлемі күнінің максималды саны 60 (алпыс) күнтізбелік күнді құрайды.

29.5. Сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, сақтандыру полисінде көрсетілген қалған сақтандыру өтеулері бойынша сақтандыру шарты өз қолданылуын жалғастырады.

29.6. Сақтандыру оқиғасы орын алғаннан кейін осы өтеу бойынша сақтандыру шартының қолданылуы – жасалған төлем мен осы өтеу бойынша сақтандыру шартымен қарастырылған сақтандыру сомасының мөлшері арасындағы айырмашылық шегінде жалғасады.

29.7. Осы баптың 29.1-тармағында қарастырылған сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда сақтандыру төлемі Ережелердің 5, 19, 30-баптарында көрсетілген талаптарды ескере отырып жүзеге асырылады.

29.8. Жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушыны ауруханаға жатқызуға байланысты сақтандыру бойынша сақтандыру сомасының мөлшері белгілі бір сақтандыру жылы ішінде (бірінші, одан кейінгі) бұрын жасалған сақтандыру төлемінің (жасалған сақтандыру төлемдерінің) сомасына автоматты түрде азаяды. Сақтандыру сомасын азайту – жазатайым оқиға

күнінде жүргізіледі. Сақтандыру сомасының мөлшері – кезекті сақтандыру жарнасы төленген жағдайда, сақтандырудың келесі жылының басында толық көлемде қалпына келтіріледі.

30. Жинақтау кезеңінде орын алған жазатайым оқиғадан сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемдерін жасаудан Сақтандырушыны босату негіздері

30.1. Осы Ережелердің 5 және 19-баптарында көрсетілген сақтандыру төлемдерін жасаудан босатудың негіздерінен басқа, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасамайды, егер сақтандыру оқиғасы тікелей немесе жанама түрде төмендегілердің нәтижесінде орын алса:

- 1) кез келген ауру немесе жарық (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
- 2) кесіп алу немесе жарақаттану кезінде пайда болған індеттерді қоса алғанда, бактериялық індет, сонымен қатар кез келген ауру немесе жарық (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
- 3) жүрек ұстамасы және апоплексия соғуы (растайтын құжаттар бар болған жағдайда);
- 4) медициналық немесе хирургиялық емдеу, немесе жазатайым оқиға нәтижесінде Сақтандырылушының алған дене жарақаттарын емдеу үшін тікелей қажетті болатын оталар (растайтын құжаттар бар болған жағдайда).

31. Жол-көлік оқиғасы нәтижесінде Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда қосымша сақтандыру сомасын төлеу

31.1. Жинақтау кезеңінде орын алған және Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соққан жол-көлік оқиғасынан сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жағдайы (сақтандыру тәуекелі) болып, жол-көлік оқиғасы жасалған күннен бастап алты ай ішінде жол-көлік оқиғасының салдарынан Сақтандырылушының қайтыс болуы танылады.

31.2. Егер Сақтандыру шартымен жол-көлік оқиғасы нәтижесінде Сақтандырылушының қайтыс болуы қосымша сақтандыру қамтуы ретінде көзделсе, сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Шартта белгіленген сақтандыру сомасының 100% мөлшерінде қосымша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға міндетті.

31.3. 31.1-тармақта көзделген сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемі, егер Сақтандырылушының қайтыс болуы жол-көлік оқиғасының нәтижесінде орын алса, сақтандыру мерзімі ішінде кез келген себептен Сақтандырылушының қайтыс болуына қатысты сақтандыру шарттарының талаптары бойынша төленетін сақтандыру төлеміне қосымша ретінде, осы Ережелердің 5, 19 және 30-тарауларында көрсетілген шарттарды ескере отырып жүргізіледі.

31.4. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы немесе Пайда алушы Сақтандырушыға осы Ережелердің 17-тарауында көрсетілген құжаттарды ұсынуға міндетті.

31.5. Сақтандыру төлемі Сақтандырушы тарапынан осы Ережелердің 15 және 17-тарауларында белгіленген шарттарда, тәртіппен және мерзімдерде жүзеге асырылады.

31.6. Сақтандырылушы тұлғаның / Сақтанушының кез келген көлік құралын басқаруы кезінде немесе Сақтандырылушы тұлға / Сақтанушы басқаруды осы көлік құралын басқаруға берген тұлғаның жол-көлік оқиғасын жасауы, соның нәтижесінде көлік құралын басқарған тұлға:

- 1) өз-өзін немесе үшінші тұлғалар арқылы алкогольдік, есірткілік, уыттық немесе өзге де мас күйіне келтірсе және бұл сол тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауына әкеп соқса;
- 2) алкогольдік, есірткілік, уыттық немесе өзге де мас күйін анықтау үшін медициналық куәландырудан өтуден бас тартса және бұл сол тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауына әкеп соқса;

31.7. Егер Сақтандыру шартында өзгеше көзделмесе, осы Ережелердің 4.1-тармағының 2) тармақшасында, 4.2-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген оқиғалар келесі жағдайларда орын алса, сақтандыру жағдайлары болып танылмайды: Сақтандырылушы тұлғаның мотокроссқа, триалға, мотожарыстарға, автожарыстарға немесе жылдамдыққа бағытталған өзге де жарыстарға қатысуы кезінде және/немесе соның нәтижесінде, сондай-ақ қоршаған ортаның

температурасы немесе жол жабыны Цельсий шкаласы бойынша нөл градустан төмен болған кезде, жаңбырда, жолсыз жерлерде мотоциклде немесе өзге де моторландырылған көлік құралында (автомобильден басқа) жүруі кезінде.

31.8. Егер сақтандыру жағдайы авиациялық немесе теміржол апатының (катастрофаның) нәтижесінде, не болмаса жол-көлік оқиғасының нәтижесінде және жол-көлік оқиғасы кезінде Сақтандырылушы такси, автобус, трамвай, троллейбус немесе өзге де қоғамдық көліктің жолаушысы болған жағдайда, осы ерекшеліктер қолданылмайды.

32. Қайтыс болған жағдайда сақтандыру жарналарын төлеумен сақтандыру мерзімінің аяқталуына дейін өмір сүруге сақтандыру

- 32.1. Қайтыс болған жағдайда сақтандыру жарналарын төлеумен сақтандыру мерзімінің аяқталуына дейін өмір сүруге сақтандырудың сақтандыру тәуекелдері мыналар болып табылады: а) сақтандыру мерзімінің аяқталуына дейін өмір сүру тәуекелі (Ережелердің 4.1-тармағының 1) тармақшасы); б) қайтыс болу тәуекелі (Ережелердің 4.1-тармағының 2) тармақшасы);
- 32.2. Сақтандыру мерзімінің аяқталуына дейін өмір сүру тәуекелі бойынша сақтандыру сомасы Шарт жасалған кезде сақтандырудың бүкіл мерзіміне тұрақты болып белгіленеді, алайда тараптардың келісімі бойынша Ережелерге сәйкес өзгертілуі мүмкін. Қайтыс болу тәуекелі бойынша сақтандыру сомасы Сақтандырылушы қайтыс болған күнге дейін төленген сақтандыру жарналарының сомасына тең болып белгіленеді.
- 32.3. Әрбір сақтандыру тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі Шартта көзделген шектеулер мен лимиттерді ескере отырып, тиісті сақтандыру сомасы мөлшерінде жүзеге асырылады.
- 32.4. Сақтандырылушының жасы Сақтандыру бағдарламасында көрсетіледі.
- 32.5. Шартпен осы Ережелерде көзделген сақтандыру жарналарын төлеудің кез келген тәртібі белгіленуі мүмкін.
- 32.6. Сатып алу сомасы қайтыс болу тәуекелі бойынша сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.
- 32.7. Егер көрсетілген сақтандыру шарттары өзге шарттарға өзгертілсе, жаңа шарттар бойынша Шарттың бастапқы жинақталған құны (сатып алу сомасы) ретінде сақтандыру шарттары өзгертілген сәтте қолданыста болған қайтыс болу тәуекелі бойынша сақтандыру сомасынан асатын сома қабылданбайды.

33. Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартын тоқтату

33.1. Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы мына сәттен бастап тоқтатылады:

- 1) жинақтау кезеңінің (сақтандыру мерзімінің) аяқталуы;
- 2) Сақтандырылушының қайтыс болуы немесе Сақтандырылушыға 1 немесе 2 топтағы мүгедектік берумен оның еңбек ету қабілетін жоғалтуы және Сақтандырылушының осы Ережелерге сәйкес сақтандыру оқиғасының орын алуы бойынша біржолғы сақтандыру төлемін жасауы;
- 3) Сақтандырылушыға 1 немесе 2-топтағы мүгедектік берумен Сақтандырылушының еңбек ету қабілетін жоғалтуы және Сақтанушыны сақтандыру жарналарын төлеуден босату;
- 4) Сақтандырылушының Төленген сақтандыру полисіне қол қоюы;
- 5) Сақтанушының Сақтандырушыға жазатайым оқиғадан сақтануға қатысты сақтандыру шартының әрекетін мерзімінен бұрын тоқтату туралы өтініш беруі;

б) сақтандыру шартының талаптары бойынша тиісті болатын сақтандыру жарналарын төлемге немесе толық көлемде төлемге;

33.2. Сондай-ақ Қосымша сақтандырылушының жарақат алуы түрінде, дене жарақаттары бойынша Төлемдер кестесіне сәйкес төлемдерімен жазатайым оқиға нәтижесінде қосымша сақтандыру өтеуі қосымша сақтандырылушының қайтыс болған сәтінен бастап қолданылуын тоқтатады.

33.3. Егер сақтандыру шартының қолданылуы осы баптың 33.1-тармағының 4)-6)-тармақшалары негізінде тоқтатылған болса, Сақтанушы кешіктірілген сақтандыру жарналарын төлеу шартымен, егер олар бар болса, Сақтандырушының жазбаша келісімімен оның қолданылуын қалпына келтіруге құқылы болады. Бұл ретте, Сақтандырушы Сақтанушының есебінен Сақтандырылушының жағдайына медициналық сараптама жасауды талап етуге құқылы болады.

33.4. Қосымша өтеу бойынша сақтандыруға қатысты сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған жағдайда, осы Ережелерде тікелей келісілген жағдайларды қоспағанда, өтеп алынатын сома қарастырылмайды.

34. Сақтандырылушының ауыр науқастануы жағдайына сақтандыру

34.1. Сақтандыру оқиғасы – жинақтау кезеңінде алғаш рет диагноз қойылған және ауыр науқастанудың анықтамасына сәйкес келетін Сақтандырылушының қатты ауыруы болып табылады.

34.2. Ауыр науқастанулардың тізімі Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген.

34.3. Ауыр науқастану жағдайындағы күту кезеңі – сақтандыру шартының күшіне ену сәтінен бастап немесе қосымша қорғау ауыр науқастану бойынша күшіне ену сәтінен бастап сақтандыру қорғанысы басталғанға дейінгі уақыт кезеңі, осы уақытта Сақтандырушы Сақтандырылушымен болған сақтандыру оқиғалары үшін жауапкершілікте болмайды. Осы қосымша өтеу бойынша күту кезеңі 3 (үш) айды құрайды.

34.4. Ауыр науқастану жағдайындағы белгілі мерзімге дейін өмір сүру кезеңі – Сақтандырылушының ауыр науқастануының ақырғы диагнозы белгіленген күннен бастап осы қосымша өтеу бойынша төлем күнін қамтитын уақыт кезеңі, бірақ Сақтандырылушының тірі болу шартымен. Белгілі мерзімге дейін өмір сүру кезеңі осы қосымша өтеу бойынша 30 (отыз) күнді құрайды.

34.5. Тандалған қосымша қорғау ауыр науқастану бойынша және осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру сомасы сақтандыру өтінішінде көрсетіледі және Полисте белгіленеді.

34.6. Осы қосымша өтеу бойынша сақтандыруға келесі тұлғалар қабылданбайды:

- 1) Ережелердің 2-қосымшасында көрсетілген аурулардың біріне немесе операциялардың біріне шалдыққан;
- 2) I, II немесе III топтағы мүгедек, бала кезінен мүгедек, АИТВ тасымалдаушысы, ЖИТС ауруы бар;
- 3) тәждік күретамырлар патологиясы, диагностикаланған қант диабеті, қан жүру жүйесінің, бауыр мен асқазан-ішек жолының, тыныс алу жүйесінің, бүйрек пен несеп жүйесінің аурулары;
- 4) неврологиялық және психикалық аурулары бар, алкоголизм мен нашақорлықпен зардап шегетін тұлғалар.

35. Сақтандырылушының ауыр науқастану жағдайына сақтандыруға қатысты сақтандыру төлемін жасаудан Сақтандырушыны босату негіздері

35.1. Ауыр науқастану түріндегі қосымша өтеу бойынша сақтандыру жағдайларынан тыс қалатын жағдайлар мыналарды қамтиды:

- 1) ВИЧ инфекциясының бар кезінде пайда болған ауыр науқастану;

- 2) терінің қатерлі ісіктері және ІА кезеңіндегі қатерлі меланома (TiaNoMo);
- 3) гистологиялық тұрғыда предраковый деп сипатталған ісіктер;
- 4) Глисон шкаласы (Gleason) бойынша 6 балдан жоғары немесе T2 N0 M0 сатысына дейінгі простата безінің рагы;
- 5) кез келген инвазивті емес рак (cancer in situ);
- 6) жатыр мойнының дисплазиясы CIN-1, CIN-2, CIN-3;
- 7) жүректің ишемиялық ауруының себебінсіз туындайтын өткір коронарлық синдромдар;
- 8) ST сегментінің өзгерісінсіз миокард инфаркті;
- 9) уақытша ми қан айналымының бұзылуы;
- 10) бас миының жарақаттық бүлінуі нәтижесінде пайда болған цереброваскулярлық өзгерістер;
- 11) бүйрекке жатқызылғанды қоспағанда, органдардың, орган бөліктерінің, жасушалардың немесе кез келген тіннің трансплантациясы;
- 12) уақытша бүйрек диализін қажет ететін өткір бүйрек жетімсіздігі.

35.2. Осы Ережелерде көрсетілген басқа да сақтандыру төлемінен босату негіздерінен бөлек, егер Сақтандырылушының қатты ауыруы жинақтау кезеңінде дәлелді құжаттармен расталған жағдайда, 5 және 19-баптарда көрсетілген оқиғалардан тікелей немесе жанама туындаса, сондай-ақ келесідей жағдайлардан туындаған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауға міндетті емес:

- 1) алкоголизм, күшті және орташа дәрежедегі мас күй, алкогольдік кардиомиопатия, алкогольдік бауыр циррозы, алкогольдік кома, бауырдың алкогольдік майлы дистрофиясы, алкогольдік гепатит, алкогольдік панкреатит, алкогольдік энцефалопатиялар, алкогольдік делирий (психоз, галлюциноз), алкогольдік абстиненттік синдром, алкогольдік полинейропатия, сондай-ақ алкоголь тұтынумен байланысты аурулар;
- 2) ВИЧ инфекциясы.

35.3. Егер сақтандыру жағдайы (дәлелді құжаттармен расталған жағдайда) Сақтандырылушының өз-өзіне қол жұмсау әрекеті нәтижесінде тікелей немесе жанама туындаса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасауға міндетті емес.

35.4. Сақтандырушы 2-қосымшада көрсетілген ауыр науқастанулар тізіміне сәйкес келмейтін кез келген аурулар бойынша сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

35.5. Егер ауыр науқастану диагнозы жинақтау кезеңіне дейін анықталған болса (бірінші диагноз), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

35.6. Егер ауыр науқастану диагнозы сақтандыру шартының қолданылуы басталған күннен немесе осы қосымша қорғаудың әрекет енуінен бастап 3 (үш) ай ішінде анықталған болса (бірінші диагноз), Сақтандырушы сақтандыру төлемін жасаудан босатылады.

36. Сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің мөлшері. Сақтандырылушының қатты ауыруы бойынша сақтандыру төлемін жасау тәртібі мен мерзімі

36.1. Сақтандырылушының ауыр науқастану жағдайына сақтандыруға қатысты сақтандыру сомасының мөлшері Полисте көрсетіледі.

36.2. Сақтандыру оқиғасы орын алғандағы сақтандыру төлемінің мөлшері осы өтеу бойынша сақтандыру сомасына тең болады.

36.3. Жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының қатты ауыруының сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемі, ауыр науқастану жағдайына күту кезеңін ескере отырып, Сақтандырылушыға ауыр науқастану диагнозы белгіленген күннен бастап ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күндік белгілі мерзімге дейін өмір сүру кезеңі өткеннен кейін жүзеге асырылады.

36.4. Сақтандырылушы осы тармақта көрсетілген кезеңнен кейін тірі болған жағдайда ғана Сақтандырушы осы төлемді жүзеге асыруға міндетті болады.

36.5. Егер Сақтандырылушы ауыр науқастану диагнозы белгіленген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде қайтыс болса, жинақтау кезеңінде алғаш диагностикаланған Сақтандырылушының ауыр науқастануының сақтандыру оқиғасы бойынша сақтандыру төлемі жасалмайды.

36.6. Осы қосымша өтеу бойынша сақтандыру төлемі 17-бапта көрсетілген құжаттарды Сақтандырушы алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінде біржолғы төлем түрінде жасалады.

36.7. Сақтандыру төлемі тек Сақтандырылушыға алғаш диагностикаланған ауыр науқастану бойынша ғана жүзеге асырылады. Сақтандырылушыға алғаш диагностикаланған ауыр науқастану бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін Сақтандырылушының ауыр науқастануы бойынша сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылады.

36.8. Сақтандырушы сондай-ақ Сақтандырылушының толық медициналық диагнозын көрсететін денсаулық жағдайы туралы анықтама сұрауға құқылы. Сақтандырылушы дәрігерлерді, күтімді жүзеге асыратын тұлғаларды, медициналық мекемелерді және тиісті уәкілетті мемлекеттік орган қызметкерлерін Сақтандырушының сұранысы бойынша Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы мәлімет беруге құқылы етуге міндетті.

36.9. Сақтандырушының құқықтары:

- 1) сақтандыру оқиғасының орын алу себептері мен жағдайларын тексеру;
- 2) сақтандыру оқиғасына қатысты ақпаратқа ие болуы мүмкін үшінші тұлғаларға сұраныс жасау;
- 3) сақтандырылушының қосымша медициналық тексерісін жүргізуді талап ету, соның ішінде сақтандыру оқиғасының себептері, жағдайлары мен салдарын тексеру мақсатында, Сақтандырушы тағайындаған дәрігерлер арқылы.

36.10. Егер құқық қорғау органдары сақтандыру оқиғасы бойынша қылмыстық іс қозғау мәселесін қарастырған болса, Сақтандырушы сонымен қатар қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы, іс қозғау туралы, істі тоқтату туралы немесе сот үкімі туралы құжатты сұрауға құқылы.

37. Қосымша Ережелер

37.1 Сақтанушыны ауыстыру.

1) Сақтанушы өзінің құқықтары мен міндеттерін басқа тұлғаға, сол тұлғаның, Сақтандырушының және Сақтандырылушының жазбаша келісімімен бере алады. Құқықтар мен міндеттердің берілуі Сақтанушының, Сақтандырылушының және құқықтар мен міндеттерді қабылдайтын тұлғаның (Сақтанушының құқықтық мұрагерінің) қол қойған өтінішін, сондай-ақ Сақтанушы қол қойған сақтандыру полисінің түпнұсқасы немесе дубликаты қосылған түрде заңнамада белгіленген тәртіппен рәсімделеді.

Сақтанушыны ауыстыру Сақтандырушы жаңартылған полисті құқықтық мұрагерге берген күнінен бастап күшіне енеді.

2) Егер Сақтанушы, Сақтандырылушы болмаған жағдайда, Сақтандырылушы үшін сақтандыру шартына қол қойған болса, оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырылушының жазбаша келісімімен оған өтеді.

Сақтандырылушы осы міндеттерді орындауға мүмкіндігі болмаған жағдайда, оның құқықтары мен міндеттері заңнамаға сәйкес оның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын тұлғаларға өтеді.

Егер Сақтанушы, Сақтандырылушы болған жағдайда, қайтыс болса, сақтандыру шарты оның белгілеген шарттары бойынша орындалады, егер қайтыс болуы осы шартта қарастырылған сақтандыру оқиғасы болса.

3) Егер Сақтанушы – заңды тұлға қайта ұйымдастырылса, сақтандыру шарты әрекет ететін кезеңде, оның құқықтары мен міндеттері Сақтандырушының келісімімен заңнамада белгіленген тәртіппен құқықтық мұрагерге өтеді.

37.2. Сақтандырылушыны ауыстыру.

1) Сақтандырылушыны ауыстыру тек Сақтанушы – заңды тұлға болған шарттар үшін ғана мүмкін.

2) Сақтандыру шартында көрсетілген Сақтандырылушы Полистің әр жылдығында ауыстырылуы мүмкін.

3) Сақтандырылушыны ауыстыру Сақтанушының және құқықтарды қабылдайтын тұлғаның қол қойған өтініші арқылы рәсімделеді, полис түпнұсқасы немесе дубликаты қосылады.

4) Сақтандырылушыны ауыстыру барлық сақтандыру сомаларының қайта есептелуімен және жаңа Сақтандырылушыға андеррайтинг жүргізілгеннен кейін Сақтандырушы 10-бапта көрсетілген талаптарды ескере отырып, жаңа (жаңартылған) сақтандыру полисін береді.

37.3. Пайда алушыны ауыстыру.

1) Сақтанушы сақтандыру оқиғасы орындалмағанға дейін Пайда алушыны басқа тұлғаға ауыстыра алады, бұл туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлайды.

2) Пайда алушыны ауыстыру Сақтандырылушының жазбаша келісімімен жүзеге асырылады және Сақтандырушы Сақтанушыдан хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

3) Пайда алушы өзінің шарттардан туындайтын міндеттерін орындағаннан немесе сақтандыру төлемін талап еткеннен кейін ауыстырылмайды.

37.4. Сақтанушының (Сақтандырылушының, Пайда алушының) байланыс деректерін өзгерту.

1) Сақтандырушы хабарламаларды Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) сақтандыру өтінішінде көрсетілген мекенжай бойынша жібереді.

2) Мекенжай өзгерген жағдайда, Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) он күн ішінде жаңа мекенжайын Сақтандырушыға хабарлауы тиіс. Хабарлама берілмеген жағдайда, Сақтандырушының алдыңғы мекенжай бойынша жіберген кез келген хабарламасы заңды түрде орындалған болып есептеледі.

3) Егер мекенжай Қазақстан Республикасының аумағынан тыс болса, Сақтанушы Сақтандырушыға Қазақстан аумағында хабарламаларды жеткізуге жауапты тұлғаны көрсетуі тиіс.

37.5. Сақтандыру жарнасын уақытында төлеу.

1) Егер келесі сақтандыру жарнасы (бірінші жарнадан басқасы) белгіленген мерзімде төленбесе, Сақтандырушы Сақтанушыға төлеу қажеттігін хабарлауы тиіс.

2) Хабарламада келесі мәліметтер болуы керек:

- төлеу мерзімі (жарна төлеуді кейінге қалдыру мерзімі), 30 күннен кем емес;

- жарна төленбесе, Сақтандырушы сақтандыру шартын бір жақты тоқтату құқығын сақтайды.

3) Сақтандырушы әр кешіктірілген күн үшін қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша айыппұл салуға құқылы.

4) Сақтандыру жарналарын төлеу қажеттігі туралы хабарлама Сақтанушыға оның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберіледі.

5) Егер Сақтанушы сақтандыру жарнасын 30 күн ішінде төлемесе, шарт:

- сақтандыру полисі бойынша өтеп алу сомасы болмаған жағдайда немесе оның мөлшері 7 АЕК-тен төмен болған кезде мерзімінен бұрын тоқтатылады;

- ал егер кейінге қалдыру кезеңі аяқталған күнге өтеп алу сомасы (бар болған жағдайда) Сақтанушының кез келген берешегін шегергеннен кейін 7 АЕК және одан жоғары болса, сақтандыру шарты «Төленген» мәртебесімен өз қолданысын автоматты түрде жалғастырады. Бұл ретте сақтандыру сомасы Сақтандырушының есептеулеріне сәйкес азайтылады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыны хабардау етеді.

6) Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кейінге қалдыру кезеңінде сақтандыру оқиғасы орын алған жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырады, бұл ретте Сақтанушының қарыз сомасын ұстап қалады.

7) Сақтанушыдан кезекті сақтандыру жарналарын төлеуді кейінге қалдыру туралы, оның себептері көрсетілген өтініш түскен жағдайда, Сақтандырушы сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуді кейінге қалдыруға құқылы. Бұл ретте кейінге қалдыру кезеңі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кем болмауға және Сақтандырушы белгілеген мерзімнен аспауға тиіс.

8) Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтірудің негіздері мен тәртібі осы Ережелердің 42-бабымен («Қалпына келтіру») реттеледі.

37.6. «Төленген» мәртебесіндегі полис.

1) Осы Ережелердің 38.5-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларда, Сақтанушы полистің «Төленген» мәртебесінде қолданылуы басталған күннен бастап кейінгі сақтандыру жарналарын төлеу міндеттемесінен босатылады.

2) Сақтандырушы полисті «Төленген» мәртебесіне ауыстыру туралы хабарламаның жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен Сақтанушыны хабардар етуге міндетті.

3) «Төленген» мәртебесіндегі сақтандыру полисі осы Ережелердің 4.1-тармағына сәйкес негізгі сақтандыру қамтуы бойынша, азайтылған сақтандыру сомасы мен азайтылған өтеп алу сомасы шегінде қолданылады. Осы Ережелердің 4-тарауында көзделген қосымша сақтандыру қамтулары полистің азайтылған сақтандыру сомасымен қолданылуы басталған күннен бастап өз қолданысын тоқтатады.

38. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру

38.1. Егер сақтандыру шартының қолданылуын тоқтатуға немесе сақтандыру шартын бұзуға Сақтанушының сақтандыру жарнасын төлемейуі негіз болса немесе полис төленген мәртебесіне өткізілсе, Сақтандырушы Сақтанушыға келесілерді төлей отырып бастапқы талаптарға сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруге міндетті болады:

- 1) Сақтандыру шарты бойынша Сақтанушының қарыз алуымен байланысты берешек сомасы, егер ондай берешек өтемеген болса;
- 2) Кешіктірілген сақтандыру жарналары;
- 3) Сақтандыру жарналарының кешіктіріп төленгені үшін өсімпұлдар, егер бар болса (өсімпұл төлеу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесі бойынша, мерзімі кешіктірілген әр күнге есептеледі).

38.2. Сақтанушы сақтандыру шартының қолданылуын – оны бұзу немесе тараптардың сақтандыру шартындағы өз міндеттерін орындауды тоқтату немесе полисті төленген мәртебесіне ауыстыру күнінен бастап бір жыл бойы қалпына келтіруге құқылы.

38.3. Сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіру барысында, егер бір жыл өткеннен кейін болса, Сақтанушы Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы декларацияны Сақтандырушының нысаны бойынша толтыруға міндетті, ол сақтандыру шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

38.4. Сақтанушы декларацияда Сақтандырылушының денсаулық жағдайы туралы сақтандыру оқиғасының орын алу ықтималдығын анықтау үшін маңызды барлық мәліметтерді хабарлауға міндетті. Егер сақтандыру шартын қалпына келтіргеннен кейін Сақтанушы көрінеу жалған мәліметтерді хабарлағаны анықталса, Сақтандырушы сақтандыру шартын жарамсыз деп тануды және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған салдарды қолдануды талап етуге құқылы.

38.5. Сақтандырушы сақтандыру шартын қалпына келтіру барысында Сақтандырылушының денсаулық жағдайына медициналық сараптама жүргізуге құқылы.

38.6. Сақтандырылушының денсаулық жағдайы нашарлаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемдерін және (немесе) сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайта

есептеуге құқылы. Егер Сақтанушы жаңа талаптардағы шарт бойынша сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтірмесе, сақтандыру шарты қалпына келтірілмейді.

38.7. Сақтандырушы сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіруден бас тартуға құқылы, егер шарт мерзімінен бұрын тоқтатылып, Сақтандырушы өтемақы сомасын төлесе; сондай-ақ, егер Сақтандырылушының денсаулық жағдайы қайта есептеу мен қалпына келтіруге мүмкіндік бермесе.

38.8. Полисті тоқтату күнінен бұрынғы күні қолданылған полис немесе төленген мәртебесіне аударылған полис бойынша сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіргенде, Сақтандырушы қалпына келтіруді Сақтанушыға хабарлама жіберу арқылы растайды, онда қалпына келтірілген күн көрсетіледі.

38.9. Тоқтатылған сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіргенде сақтандыру қорғанысы берешектің толық сомасы немесе кешіктірілген сақтандыру жарналары толығымен төленген күннен басталады және сақтандыру шарты тоқтатылған кезеңге қолданылмайды.

38.10. «Төленген» мәртебесі бар сақтандыру шартының қолданылуын қалпына келтіргенде (15-баптың 4-тармағы, 2-тармақшасы), қорғаныс берешектің толық сомасы немесе кешіктірілген сақтандыру жарналары толығымен төленген күннен басталады және қалпына келтіру алдындағы кезеңге қолданылмайды.

39. Форс-мажор

39.1. Тараптар өрт, дүлей алапаттар, соғыстар, кез келген сипаттағы соғыс операциялары, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, қоршаулар, экспортқа немесе импортқа тыйым салулар, дефолт, мемлекеттік органның нормативтік актіні немесе тараптарға бағынбайтын басқа жағдайлар салдарынан сақтандыру шарты бойынша міндеттерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапты болмайды.

39.2. Міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар әсер ететін уақытқа мөлшерлес шамада кейінге қалдырылады.

40. Қосымша шарттар

40.1. Сақтандыру шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Ережелерде көзделген тәртіппен және тараптардың келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру шартына қосымша келісім жасасу және (немесе) жаңартылған сақтандыру полисін ресімдеу (беру) арқылы енгізіледі.

40.2. Сақтандыру шарты / сақтандыру полисі жоғалған жағдайда Сақтанушы бұл туралы Сақтандырушыны хабардар етуге және телнұсқасын алу үшін өтініш беруге міндетті. Сақтандырушы тиісті телнұсқаны бергеннен кейін жоғалған Сақтандыру шарты / сақтандыру полисі жарамсыз деп танылады. Сақтандыру шартының / сақтандыру полисінің телнұсқасын алуға байланысты шығындарды Сақтанушы көтереді.

40.3. Сақтандыру шарты / сақтандыру полисі бойынша барлық төлемдер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгемен жүзеге асырылады. Осы Шарт бойынша сақтандыру сомасы, сақтандыру төлемі және сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында – теңгемен белгіленеді және сақтандыру шартының (сақтандыру полисінің) талаптарына сәйкес теңгемен төленуге (төлем жасауға) жатады.

40.4. Сақтандыру шартына қатысты кез келген хабарламалар, өтініштер, талаптар, хабарландырулар, түсіндірмелер жазбаша нысанда ресімделуге және екінші тарапқа тікелей тапсырылуға не олардың жіберілгенін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен жіберілуге тиіс.

40.5. Сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде туындайтын барлық даулар тараптар арасындағы келіссөздер арқылы шешіледі.

40.6. Құқығы бұзылған тарап сотқа жүгінгенге дейін екінші тарапқа талаптардың негіздері мен мәні міндетті түрде көрсетілген жазбаша талап-арызды (бар болған жағдайда талаптарды негіздейтін құжаттарды қоса тіркей отырып) жолдауға міндетті.

40.7. Талап-арызды алған тарап оны алған күннен бастап бір айдан кешіктірмей қарауға және мәні бойынша жауап беруге (оны толық немесе ішінара қанағаттандыруға келісетінін растауға не оны толық немесе ішінара қанағаттандырудан бас тарту туралы хабарлауға) міндетті.

40.8. Өтінішті қарау барысында Қоғам Сақтанушыны оның құқықтары туралы, оның ішінде сақтандыру омбудсманына, уәкілетті органға және (немесе) сотқа жүгіну құқығы туралы хабардар етеді.

40.9. Тараптар келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес сот тәртібімен қаралады.

№1-қосымша

«Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
ерікті жинақтаушы сақтандыру ережелеріне

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНІҢ ДЕНЕ ЖАРАҚАТТАРЫ БОЙЫНША КЕСТЕСІ

- Бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде туындаған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінің» бір бөлімінде көзделген бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі ең жоғары сақтандыру төлемі мөлшерін көздейтін тармаққа сәйкес жүзеге асырылады. Осы тәртіп бір бөлімнің бір бабының әртүрлі тармақтарында немесе бір бөлімнің әртүрлі баптарында көрсетілген жарақаттар кезінде де қолданылады.
- Бір жазатайым оқиғаның нәтижесінде туындаған және «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінің» әртүрлі бөлімдерінде көзделген бірнеше дене жарақаттары болған жағдайда, сақтандыру төлемі әрбір жарақат үшін жеке-жеке жүзеге асырылады, алайда төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауға тиіс.
- «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінің» бір бабында көрсетілген бір немесе бірнеше дене жарақаты болған жағдайда, жарақаттардың санына қарамастан, сақтандыру төлемі осы бапқа сәйкес бір рет жүзеге асырылады.
- Егер «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінде» өзгеше көрсетілмесе, сақтандыру төлемінің мөлшері бір аяқ-қолға келген дене жарақаты үшін белгіленеді. Екі бірдей аяқ-қолға бірдей жарақат келген жағдайда, сақтандыру төлемінің мөлшері екі еселенеді.
- «Дене жарақаттары бойынша сақтандыру төлемдерінің кестесінің» тиісті ескертпелерінде сақтандыру төлемінің мөлшерін анықтауға, жарақаттың сипатын айқындауға және осы Кестенің ережелерін қолдану тәртібіне қатысты өзге де шарттар көзделуі мүмкін. Осы шарттар мен ескертпелер арасында қайшылық болған жағдайда, ескертпелердің шарттары қолданылады.

	Дене жарақатының сипаты	Сақтандыру төлемінің мөлшері (сақтандыру сомасының %-ы)
1-БӨЛІМ. БАС СҮЙЕК СҮЙЕКТЕРІ, ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІ		
1.	Бас сүйек сүйектерінің сынуы	
	а) күмбез сүйектерінің сыртқы қабатының сынуы, сүйек тігісінің ажырауы	5
	б) күмбез сүйектерінің сынуы	15
	в) бас сүйек негізінің сынуы	20
	г) күмбез және негіз сүйектерінің бір мезгілде сынуы	25
2.	Басішілік жарақаттық гематомалар	
	а) эпидуралдық	10
	б) субдуралдық	15
	в) эпидуралдық және субдуралдық (интрацеребралдық)	20
3.	Мидың зақымдануы	
	а) бас сүйек қуысында алынбаған бөгде денелер (тігіс және пластикалық материалдарды қоспағанда)	15
	б) мидың затының жаншылуы (клиникалық белгілерін көрсетусіз)	50
<i>Ескертпелер: 1.Егер бас-ми жарақатына байланысты бас сүйек сүйектеріне, миға немесе оның қабықтарына операциялық араласулар жүргізілсе, сақтандыру сомасының 10% мөлшерінде қосымша сақтандыру төлемі бір рет төленеді.</i> <i>2.Бас-ми жарақаты нәтижесінде көру өткірлігінің төмендеуі немесе есту қабілетінің нашарлауы болған жағдайда (мидың шайқалуы мұндай жарақаттарға жатпайды), сақтандыру төлемі осы жарақат пен асқынуларды ескере отырып, тиісті баптар бойынша сомалау арқылы жүзеге асырылады.</i>		
4.	Жүйке жүйесінің жарақаттық зақымдануы нәтижесінде:	
	а) арахноидит, энцефалит, арахноэнцефалит	10

	б) жоғарғы немесе төменгі монопарез (бір жоғарғы немесе бір төменгі аяқ-қолдың парезі)	30
	в) геми- немесе парапарез (екі жоғарғы немесе екі төменгі аяқ-қолдың, не оң немесе сол аяқ-қолдардың парезі)	40
	г) моноплегия (бір аяқ-қолдың салдануы)	50
	д) тетрапарез (жоғарғы және төменгі аяқ-қолдардың парезі)	70
	е) геми-, пара- немесе тетраплегия, афазия (сөйлеу қабілетін жоғалту), декортикация, жамбас ағзалары қызметінің бұзылуы	100
<i>Ескертпе: 4-бапта көрсетілген жүйке жүйесі жарақатының салдарлары бойынша сақтандыру сомасы ең ауыр салдарды ескеретін бір ғана тармақ бойынша төленеді. Бұл салдарлар жарақат алған күннен бастап кемінде 3 ай өткен соң медициналық ұйыммен анықталып, тиісті анықтамамен расталуға тиіс. Бұл төлем жүйке жүйесінің зақымдануына әкелген сақтандыру оқиғалары бойынша бұрын төленген сақтандыру төлемдеріне қосымша жүзеге асырылады. Төлемдердің жалпы сомасы 100%-дан аспауға тиіс</i>		
5.	Бір немесе бірнеше бас-ми жүйкелерінің шеткері жарақаты	10
<i>Ескертпе: Егер бас-ми жүйкелерінің зақымдануы бас сүйек негізінің сынуы кезінде орын алса, сақтандыру төлемі 1-бапқа сәйкес жүзеге асырылады, бұл ретте 5-бап қолданылмайды.</i>		
6.	Омыртқа жұлынның кез келген деңгейдегі зақымдануы, «жылқы құйрығы» (cauda equina)	
	а) қысылу, гематомия, полиомиелит	30
	б) ішінара үзілу	50
	в) омыртқа жұлынның толық үзілуі	100
<i>Ескертпе: Омыртқа мен омыртқа жұлын жарақатына байланысты хирургиялық операциялар жүргізілген жағдайда, қосымша түрде сақтандыру сомасының 10 % мөлшерінде біржолғы төлем жүзеге асырылады.</i>		
7.	Мойын, иық, бел, сегізкөз өрімдерінің зақымдануы (үзілуі, жарақаттануы)	
	а) жарақаттық плексит	10
	б) өрімнің ішінара үзілуі	40
	в) өрімнің үзілуі	70
<i>Ескертпе: 1) 6 және 7-баптар бір мезгілде қолданылмайды. 2) Жарақат салдарынан туындаған невралгиялар мен невропатиялар сақтандыру төлемін жүзеге асыруға негіз болмайды.</i>		
8.	Жүйкелердің үзілуі:	
	а) қол басы деңгейіндегі сәулелік, шынтақ және ортаңғы жүйкелердің тармақтарының (саусақ жүйкелерінің) үзілуі	5
	б) бір сәулелік, шынтақ немесе ортаңғы жүйкенің білезік буыны мен білек деңгейінде, сондай-ақ кіші жіліншік немесе үлкен жіліншік жүйкесінің үзілуі	10
	в) екі немесе одан да көп: сәулелік, шынтақ, ортаңғы жүйкелердің білезік буыны мен білек деңгейінде, кіші жіліншік және үлкен жіліншік жүйкелерінің үзілуі	20
	г) бір: қолтық асты, сәулелік, шынтақ, ортаңғы жүйкенің шынтақ буыны мен иық деңгейінде, сондай-ақ шонданай немесе сан жүйкесінің үзілуі	30
	д) екі немесе одан да көп: қолтық асты, сәулелік, шынтақ, ортаңғы жүйкелердің шынтақ буыны мен иық деңгейінде, шонданай және сан жүйкелерінің үзілуі	40
<i>Ескертпе: Табан, табан саусақтары және қол басы деңгейіндегі жүйкелердің жарақаттануы сақтандыру төлемін жүзеге асыруға негіз болмайды.</i>		
2-БӨЛІМ. КӨРУ МҮШЕЛЕРІ		
9.	Бір көздің аккомодация салдануы	15
10.	Гемиянопия (бір көздің көру алаңының жартылай жоғалуы), көз алмасының бұлшықеттерінің жарақаты (жарақаттық қылилық, птоз, диплопия)	15
11.	Бір көздің көру алаңының тарылуы (концентрлік немесе концентрлік емес)	10

12.	Бір көздің пульсациялайтын экзофтальмы	15
13.	Көру өткірлігінің төмендеуіне әкелмеген көз жарақаты:көз алмасының енуімен немесе енбей жарақаттануы, II–III дәрежелі күйіктер, гемофтальм	3
<i>Ескертпелер:</i> 1.Дәрежесі көрсетілмеген көз күйіктері, сондай-ақ I дәрежелі және патологиялық өзгерістерге әкелмеген күйіктер сақтандыру төлеміне негіз болмайды. 2.Егер 13-бапта көрсетілген жарақаттар көру өткірлігінің төмендеуіне әкелсе, сақтандыру төлемі 19 бапқа сәйкес жүргізіледі, бұл жағдайда 13-бап қолданылмайды. Егер бастапқыда 13-бап бойынша төлем жасалып, кейіннен көру өткірлігінің төмендеуі орын алса және бұл жоғары мөлшердегі төлемге негіз болса, бұрын төленген сома шегеріледі. 3.Көздің беткі бөгде денелері, соғылу немесе контузия, көру өткірлігінің төмендеуіне әкелмесе, сақтандыру төлеміне негіз болмайды.		
14.	Бір көздің жас ағу жолдарының жарақаты,оның функциясының бұзылуына әкелген жағдайда.	5
15.	Көз жарақатының салдары:	
	а) кератит, иридоциклит, хориоретинит	5
<i>Ескертпе:</i> Егер жарақаттан кейін 3 ай өткен соң офтальмолог дәрігер 9, 10, 11, 12, 15-баптарда көрсетілген патологиялық өзгерістер мен көру өткірлігінің төмендеуін анықтаса, сақтандыру төлемі барлық салдарларды ескере отырып жинақтау әдісімен, бірақ бір көз үшін сақтандыру сомасының 50%-нан аспайтын мөлшерде төленеді.		
16.	Көз (көздер) жарақаты нәтижесінде:	
	а) жалғыз көздің немесе көру қабілеті болған екі көздің толық көру қабілетін жоғалту	100
	б) көру өткірлігі 0,1-ден төмен емес бір көздің толық көру қабілетін жоғалту	40
	Жарақат салдарынан көз алмасын алып тастау (жарақатқа дейін көретін немесе соқыр көз болуының маңызы жоқ)	10
17.	Жарақат салдарынан көз алмасын алып тастау (жарақатқа дейін көретін немесе соқыр көз болуының маңызы жоқ)	10
18.	Көз ұясының (орбитаның) сынуы	10
19.	Көру өткірлігінің төмендеуіне әкелген көз зақымдануы (№1 кестеге сәйкес)	
<i>Ескертпелер:</i> 1.Көру өткірлігінің төмендеуіне байланысты сақтандыру төлемі емдеу аяқталғаннан кейін, бірақ жарақат алған күннен бастап кемінде 3 ай өткен соң шешіледі. 2.Егер жарақатқа дейін көру өткірлігі туралы мәлімет болмаса, ол сау көздің көру өткірлігіне тең деп есептеледі. 3.Егер сау көздің көру өткірлігі жарақаттанған көзден төмен болса, жарақаттанған көздің көру өткірлігі шартты түрде 1,0 деп қабылданады. 4.Егер жарақат салдарынан екі көз де зақымданып, бұрынғы көру қабілеті белгісіз болса, екі көздің де көру өткірлігі 1,0 деп есептеледі. Жарақаттан кейін жасанды көз бұршағы орнатылған немесе түзетуші линза қолданылған жағдайда, төлем операцияға дейінгі көру өткірлігі ескеріле отырып жүргізіледі. 5. Толық соқырлық (0,0) ретінде көру өткірлігі 0,01-ден төмен немесе тек жарықты сезу (саусақты санау) қабылданады.		
3-БӨЛІМ. ЕСТУ МҮШЕЛЕРІ		
20.	Құлақ қалқанының жарақаты нәтижесінде:	
	а) құлақ қалқанының 1/3 бөлігіне дейін болмауы	5
	б) құлақ қалқанының 1/3 – 1/2 бөлігі болмауы	7
	в) құлақ қалқанының 1/2 бөлігінен астамы болмауы	10
<i>Ескертпе:</i> 20-бап бойынша сақтандыру төлемі жара толық жазылғаннан кейін жүргізілген медициналық куәландыру қорытындысы негізінде жүзеге асырылады.		
21.	Травма одного уха, повлекшая за собой снижение слуха:	
	а) сыбырлап сөйлеуді 1–2 м қашықтықта есту (аудиограмма деректері бойынша 500, 1000, 4000 Гц жиіліктерде 30–50 дБ төмендеу)	5

	б) сыбырлап сөйлеуді естімеу, қалыпты сөйлеуді 1 м-ге дейін есту (аудиограмма бойынша 60–80 дБ төмендеу)	15
	в толық керендік (қалыпты сөйлеуді естімеу)	35
<i>Ескертпе: 21-бап бойынша сақтандыру төлемі емдеу аяқталғаннан кейін, аспаптық зерттеулер нәтижелері негізінде, бірақ жарақат алған күннен бастап кемінде 3 ай өткен соң қабылданған медициналық қорытынды бойынша жүзеге асырылады.</i>		
4-БӨЛІМ. ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ		
22.	Мұрын сүйектерінің, мұрын шеміршегінің, маңдай қойнауының алдыңғы қабырғасының, гаймор қойнауының, тор сүйектің сынуы немесе шығуы	5
23.	Кеуде қуысы мен оның ағзаларының жарақаты нәтижесінде:	
	а) өкпенің бір бөлігін немесе үлесін алып тастау	25
	б) бір өкпені толық алып тастау	50
<i>Ескертпе: 23-баптың б) тармағы бойынша сақтандыру төлемі жүзеге асырылған жағдайда, а) тармағы қолданылмайды</i>		
24.	Кеуде қуысының еніп өтетін жарақаты, жарақатқа байланысты жүргізілген торакоскопия, торакоцентез, торакотомия	
	а) кеуде қуысы ағзалары зақымдалмаған жағдайда жасалған торакоскопия немесе торакоцентез (торакотомия жүргізуді талап етпеген)	5
	б) торакотомия	15
	в) қайталама торакотомиялар (санына қарамастан)	5
<i>Ескертпелер: 1. Егер кеуде қуысы жарақаты салдарынан өкпе немесе оның бөлігі алынған болса, сақтандыру төлемі 23-бапқа сәйкес жүзеге асырылады, бұл жағдайда 24-бап қолданылмайды. 2. Егер бірнеше хирургиялық араласу жүргізілсе, сақтандыру төлемі ең күрделі араласу бойынша бір рет төленеді.</i>		
25.	Көмейдің, кеңірдектің, қалқанша шеміршектің жарақаты, тіласты сүйегінің сынуы, жоғарғы тыныс жолдарының күйігі, функцияның бұзылуына әкелмеген жағдайда.	5
26.	Көмейдің, кеңірдектің, тіласты сүйегінің, қалқанша шеміршектің жарақаты, сондай-ақ жарақатқа байланысты жасалған трахеотомия нәтижесінде:	
	а) 3 айдан кем емес мерзімде дауыстың жоғалуы немесе трахеотомиялық түтікті тағу	10
	б) 6 айдан кем емес мерзімде дауыстың жоғалуы немесе трахеотомиялық түтікті тағу	15
<i>Ескертпе: 26-бап бойынша сақтандыру төлемі 25-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүзеге асырылады, егер сақтандырушы өтінішінде көмей немесе кеңірдек функциясының бұзылғанын көрсетсе және жарақаттан кейін 3 ай өткен соң маманның қорытындысы ұсынылса. Осы мерзімге дейін төлем 25-бап бойынша жүргізіледі.</i>		
5-БӨЛІМ. ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫР ЖҮЙЕСІ		
27.	Жүректің, оның қабықтарының және ірі магистральды қан тамырларының жарақаты, жүрек-қан тамыр жеткіліксіздігіне әкелмеген жағдайда.	15
28.	Жүректің, оның қабықтарының және ірі магистральды қан тамырларының жарақаты, жүрек-қан тамыр жеткіліксіздігіне әкелген жағдайда	
	а) I дәрежелі	15
	б) II–III дәрежелі	25
<i>Ескертпе: Егер медициналық анықтамада жүрек-қан тамыр жеткіліксіздігінің дәрежесі көрсетілмесе, 28-бап бойынша сақтандыру төлемі жүргізілмейді</i>		
29.	Ірі шеткері қан тамырларының жарақаты, қан айналымының бұзылуына әкелмеген жағдайда, келесі деңгейлерде:	
	а) иық немесе сан деңгейінде	10

	б) білек немесе балтыр деңгейінде	5
30.	Ірі шеткері қан тамырларының жарақаты, қан тамыр жеткіліксіздігіне әкелген жағдайда	15
<i>Ескертпелер: 1. Ірі магистральды қан тамырларына аорта, өкпе артериясы, иық-бас діңгегі, ұйқы артериялары, ішкі мойын көктамырлары, жоғарғы және төменгі қуыс көктамырлар, қақпа көктамыры, сондай-ақ ішкі ағзалардың қанмен қамтамасыз етілуін қамтамасыз ететін магистральды тамырлар жатады. Ірі шеткері қан тамырларына бұғанаасты, қолтықасты, иық, шынтақ және кәрі жілік артериялары, мықын, сан, тізеасты, алдыңғы және артқы жіліниік артериялары, сондай-ақ сәйкес көктамырлар жатады.</i> <i>2. Егер өтініште жүрек-қан тамыр жүйесі функциясының бұзылғаны көрсетілсе, маманның қорытындысы ұсынылуы тиіс.</i> <i>3. 28 және 30-баптар бойынша сақтандыру төлемі көрсетілген асқынулар жарақат алған күннен бастап 3 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталған жағдайда, 27 және 29-баптар бойынша төленген сомаға қосымша төленеді.</i> <i>4. Ірі қан тамырларына жасалған операциялар кезінде қан тамыр арнасын қалпына келтіру мақсатында жүргізілген хирургиялық араласулар үшін қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
6-БӨЛІМ. АС ҚОРЫТУ ЖҮЙЕСІ		
31.	Жоғарғы жақ сүйегінің, бет сүйегінің немесе төменгі жақ сүйегінің сынуы	
	а) бір сүйектің сынуы	5
	б) екі немесе одан да көп сүйектің сынуы немесе бір сүйектің қосарланған сынуы	10
<i>Ескертпелер: 1. Тістердің түсуімен қатар жүретін альвеолярлық өсіндінің сынуы сақтандыру төлеміне негіз болмайды.</i> <i>2. Жақ сүйектерінің жарақатына байланысты (шина салуды қоспағанда) операция жасалса, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
32.	Жақ сүйегінің жарақаты нәтижесінде:	
	а) жақ сүйегінің бір бөлігінің болмауы (альвеолярлық өсіндіні қоспағанда)	40
	б) төменгі жақ сүйегінің толық болмауы	50
<i>Ескертпелер: 1. Төменгі жақ сүйегінің толық ақауы немесе оның бір бөлігінің болмауы үшін төлемге тістердің санына қарамастан олардың жоғалуы да кіреді.</i> <i>2. Егер жақ сүйегінің жарақаты ауыз қуысының басқа ағзаларының жарақатымен қатар жүрсе (34-бап), сақтандыру төлемі жинақтау әдісімен анықталады.</i> <i>3. 32-бап бойынша сақтандыру төлемі кезінде операция үшін қосымша төлем жүргізілмейді.</i>		
33.	Тіл жарақаты нәтижесінде:	
	а) тіл ұшының болмауы	5
	б) тілдің дистальды үштен бір бөлігінің болмауы	10
	в) тілдің ортаңғы бөлігіндегі болмауы	20
	г) тіл түбірі деңгейінде немесе толық болмауы	50
34.	Жұтқыншақтың, өңештің, асқазанның, ішектің жарақаты (жарақат, жыртылу, күйік), сондай-ақ бөгде денелерді алу мақсатында жасалған эзофагогастростомия, функционалдық бұзылыстарға әкелмеген жағдайда	5
35.	Өңештің жарақаты нәтижесінде	
	а) өңештің тарылуы	40
	б) өңештің өткізгіштігінің болмауы (гастростомия болған жағдайда), сондай-ақ өңеш пластикасынан кейінгі жағдай	80
<i>Ескертпе: 35-бап бойынша сақтандыру төлемінің мөлшері жарақат алған күннен бастап 6 ай өткен соң анықталады. Осы мерзімге дейін төлем алдын ала жүргізіледі және кейінгі төлем сомасынан шегеріледі.</i>		
36.	Алдыңғы құрсақ қабырғасының, көкеттің немесе операциялық тыртық аймағында пайда болған жарық, егер операция жарақатқа байланысты жасалса, немесе осындай жарыққа жасалған операциядан кейінгі жағдай	5

<i>Ескертпелер: 1.36-бап бойынша төлем құрсақ қуысы ағзаларының жарақаты үшін төленген сақтандыру төлеміне қосымша жүзеге асырылады, егер жарық осы жарақаттың тікелей салдары болса.</i> <i>2.Ауыр зат көтеру салдарынан пайда болған кіндік, ақ сызық, шап жарықтары сақтандыру төлеміне негіз болмайды.</i>		
37.	Бауырдың жарақаты нәтижесінде:	
	а) операцияны талап етпеген бауырдың капсула астындағы жыртылуы, жарақатпен тікелей байланысты гепатит.	5
	б) бауыр жеткіліксіздігі	10
38.	Бауыр мен өт қабының жарақаты нәтижесінде:	
	а) бауыр жыртылуын тігу немесе өт қабын алып тастау	15
	б) бауырдың бір бөлігін алып тастау	20
	в) бауырдың бір бөлігі мен өт қабын алып тастау	30
39.	Көкбауыр жарақаты нәтижесінде:	
	а) операцияны талап етпеген капсула астындағы жыртылу	5
	б) көкбауырды алып тастау	20
40.	Асқазанның, ұйқы безінің, ішектің немесе шажырқайдың жарақаты нәтижесінде:	
	а) асқазанның, ішектің немесе ұйқы безінің бір бөлігін резекциялау	30
	б) асқазанды толық резекциялау	60
<i>Ескертпелер: 1. Бір баптың бірнеше тармағында көрсетілген салдарлар болған жағдайда, төлем ең жоғары мөлшерді көздейтін тармақ бойынша жүзеге асырылады.</i> <i>2.Әртүрлі баптарда көрсетілген салдарлар болған жағдайда, төлем әр бап бойынша жинақтау әдісімен жүргізіледі.</i>		
41.	Құрсақ қуысының жарақатына байланысты жүргізілген:	
	а) лапароскопия немесе лапароцентез	5
	б) іш қуысы ағзаларының жарақаты кезінде жасалған лапаротомия (лапароскопия немесе лапароцентезді қоса алғанда)	15
<i>Ескертпе: Егер 38–40-баптар бойынша төлем жасауға негіз болса, 41-бап қолданылмайды, тек төлем тек осы бап бойынша жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда.</i>		
7-БӨЛІМ. ЗӘР ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ЖЫНЫСТЫҚ ЖҮЙЕЛЕР		
42.	Бүйрек жарақаты нәтижесінде:	
	а) бүйректің соғылуы немесе операцияны талап етпеген капсула астындағы жыртылу	5
	б) бүйректің бір бөлігін алып тастау	25
	в) бүйректі толық алып тастау	50
43.	Зәр шығару жүйесі ағзаларының жарақаты (бүйрек, несептағар, қуық, несеп шығару өзегі) нәтижесінде:	
	а) жедел бүйрек жеткіліксіздігі	10
	б) ұзақ жаншылу синдромы (травмалық токсикоз, краш-синдром)	30
	в) созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі	40
<i>Ескертпелер: 1. Егер жарақат салдарынан зәр шығару жүйесінің бірнеше ағзасының функциясы бұзылса, сақтандыру төлемі ең ауыр салдарды ескеретін бір тармақ бойынша анықталады.</i> <i>2.43-бапта көрсетілген асқынулар жарақаттан кейін 3 ай өткен соң анықталған жағдайда ғана төлем жасалады. Осы мерзімге дейін 42-бап бойынша алдын ала төлем жүргізіледі және кейінгі төлемнен шегеріледі.</i>		

44.	Жыныстық жүйе ағзаларының жарақаты нәтижесінде:	
	а) бір аналық безді, жатыр түтігін немесе бір аталық безді алып тастау	15
	б) екі аналық безді, екі жатыр түтігін, аталық бездерді немесе жыныс мүшесінің бір бөлігін алып тастау	30
	в) әйелдерде жатырдың алынуы:	
	40 жасқа дейін	50
	40–50 жас аралығы	30
	50 жастан жоғары	15
	г) жыныс мүшесі мен екі аталық бездің толық алынуы	50
8-БӨЛІМ. ЖҰМСАҚ ТІНДЕР		
45.	Күйіктер (№2 кестеге сәйкес)	
<i>Ескертпелер: 1. Тыныс алу жолдарының күйігі функцияның бұзылуына әкелген жағдайда, сақтандыру төлемі сақтандыру сомасының 10% мөлшерінде жүзеге асырылады.</i>		
<i>2. Зақымданған дене бетінің 1% ауданы зардап шеккен адамның алақан бетінің ауданына тең.</i>		
46.	Жұмсақ тіндердің жарақаты нәтижесінде:	
	а) хирургиялық (операциялық) араласуды талап еткен бір немесе бірнеше бұлшықеттің толық үзілуі	3
	б) хирургиялық араласуды талап еткен сіңірлердің немесе байламдардың толық үзілуі, аутоотрансплантат алу	5
<i>Ескертпе: Сіңбеген гематомаға байланысты сақтандыру төлемі, егер бұл асқыну жарақаттан кейін 1 ай өткен соң сақтандырылған тұлғада сақталған болса, жүзеге асырылады.</i>		
9-БӨЛІМ. ОМЫРТҚА ЖОТАСЫ, КЕУДЕ ҚУЫСЫ		
47.	Омыртқа денелерінің, доғаларының және буын өсінділерінің сынуы, сыну-шығуы немесе шығуы (сегізкөз бен құйымшақты қоспағанда):	
	а) 1–2 омыртқа	20
	б) 3–5 омыртқа	35
	в) 6 және одан да көп омыртқа	50
48.	Омыртқааралық байламдардың үзілуі (стационарлық емдеу мерзімі кемінде 14 күн болған жағдайда)	5
49.	Әрбір көлденең немесе қылқанды өсіндінің сынуы	2
50.	Сегізкөздің немесе құйымшақтың сынуы	5
51.	Төстің сынуы	5
52.	Әрбір қабырғаның сынуы немесе қабырға доғасының шеміршек бөлігінің сынуы	2
<i>Ескертпелер: 1. Омыртқа жарақатына байланысты операция жасалса — 10%, ал қаңқалық тарту арқылы консервативті емдеу кезінде — 5% қосымша төлем жасалады.</i>		
<i>2. Егер омыртқа жарақаты жұлын жарақатымен қатар жүрсе, сақтандыру төлемі екі жарақатты жинақтауарқылы жүргізіледі.</i>		
<i>3. Бір жарақат нәтижесінде омыртқа денесінің сынуы, байламдардың зақымдануы және өсінділердің сынуы орын алса, төлем ең ауыр жарақат үшін бір рет жүргізіледі.</i>		
<i>4. Реанимациялық іс-шаралар кезінде қабырғалар сынған жағдайда төлем жалпы тәртіппен жүзеге асырылады.</i>		
<i>5. Қабырғалар саны туралы бірнеше медициналық анықтама болған жағдайда, стационардан берілген немесе соңғы медициналық ұйымның анықтамасы негізге алынады</i>		
10-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ЖАУЫРЫН, БҰҒАНА		
53.	Жауырынның, бұғананың сынуы, акромиальды-бұғаналы және төс-бұғаналы буындардың толық үзілуі	
	а) бір сүйектің сынуы немесе шығуы, бір буынның байламдары мен сіңірлерінің толық үзілуі	5

	б) екі сүйектің сынуы, бір сүйектің қосарланған сынуы, екі буынның үзілуі, бір сүйектің сынуы және бір буынның үзілуі, бұғананың сыну-шығуы	10
	в) екі буынның үзілуі және бір сүйектің сынуы немесе екі сүйектің сынуы және бір буынның үзілуі	15
	г) бітпеген сыну (жалған буын)	15
<i>Ескертпелер: 1.53-бапта көрсетілген жарақаттарға байланысты операция жасалса, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i> <i>2.Жалған буын (бітпеген сыну) жарақаттан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталған жағдайда ғана төлем жүргізіледі.</i>		
11-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ИЫҚ БУЫНЫ		
54.	Иық буыны аймағының жарақаттары (жауырынның буын ойысы, тоқпан жіліктің басы, анатомиялық және хирургиялық мойны, төмпешіктері, буын капсуласы)	
	а) сіңірлердің немесе буын капсуласының толық үзілуі, сүйек фрагменттерінің ажырауы, соның ішінде үлкен төмпешік, жауырын буын ойысының сынуы, иықтың шығуы	5
	б) тоқпан жіліктің сынуы (анатомиялық немесе хирургиялық мойны), сыну-шығу	10
55.	Иық белдеуі жарақаттарының салдары:	
	а) буында қозғалыстың толық болмауы (анкилоз)	15
	б) сүйек буын беттерін резекциялау нәтижесінде «салбыраған» иық буыны	30
<i>Ескертпелер: 1. 55-бап бойынша сақтандыру төлемі 54-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүзеге асырылады, егер асқынулар жарақаттан кейін 6 ай өткен соң расталса.</i> <i>2.Иық буынына операция жасалған жағдайда, қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
12-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ИЫҚ (ТОҚПАН ЖІЛІК)		
56.	Тоқпан жіліктің сынуы	
	а) кез келген деңгейде (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бірі), буын аймағын қоспағанда	10
	б) қосарланған сыну	20
57.	Тоқпан жіліктің сынуы салдарынан бітпеген сынудың (жалған буынның) пайда болуы	30
<i>Ескертпелер: 1. 57-бап бойынша сақтандыру төлемі 56-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер бұл асқыну жарақаттан кейін 3 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталса.</i> <i>2.Тоқпан жілік аймағына операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
58.	Жоғарғы аяқ-қолдың жарақаттық ампутациясы немесе ампутацияға әкелген ауыр жарақат:	
	а) жауырынмен, бұғанамен немесе олардың бір бөлігімен бірге жоғарғы аяқ-қолдың ампутациясы	70
	б) иық деңгейінде ампутация	50
	в) жалғыз жоғарғы аяқ-қолдың иық деңгейінде ампутациясы	70
<i>Ескертпе: 58-бап бойынша сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.</i>		
13-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ШЫНТАҚ БУЫНЫ		
59.	Шынтақ буыны аймағының жарақаттары	
	а) сүйек фрагменттерінің ажырауы, тоқпан жіліктің айдаршаларының сынуы, кәрі жілік немесе шынтақ сүйегінің сынуы, білек сүйектерінің шығуы	5
	б) кәрі жілік пен шынтақ сүйектерінің сынуы	10
	в) тоқпан жілікпен бірге кәрі жілік пен шынтақ сүйектерінің сынуы.	15
<i>Ескертпе: Бір жазатайым оқиға нәтижесінде 59-бапта көрсетілген бірнеше жарақат орын алса, сақтандыру төлемі ең ауыр жарақатты көздейтін тармақ бойынша жүзеге асырылады</i>		

60.	Шынтақ буыны жарақатының салдары:	
	а) буында қозғалыстың болмауы (анкилоз)	15
	б) буын беттерін резекциялау нәтижесінде «салбыраған» шынтақ буыны	25
<i>Ескертпелер: 1.60-бап бойынша сақтандыру төлемі 59-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер қозғалыс шектелуі жарақаттан кейін 6 ай өткен соң расталса.</i> <i>2.Шынтақ буыны аймағында операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
14-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: БІЛЕК		
61.	Білек сүйектерінің сынуы (жоғарғы, ортаңғы немесе төменгі үштен бірі, буын аймағын қоспағанда)	
	а) бір сүйектің сынуы немесе шығуы	5
	б) екі сүйектің сынуы немесе бір сүйектің қосарланған сынуы	10
62.	Білек сүйектерінің бітпеген сынуы (жалған буын)	
	а) бір сүйектің	13
	б) екі сүйектің	26
<i>Ескертпе: 62-бап бойынша сақтандыру төлемі 61-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер бұл асқыну жарақаттан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталса.</i>		
63.	Жарақаттық ампутация немесе ауыр жарақат нәтижесінде:	
	а) білек деңгейінде ампутация	40
	б) шынтақ буынында экзартикуляция	50
	в) жалғыз жоғарғы аяқ-қолдың білек деңгейінде ампутациясы	60
<i>Ескертпелер: 1. Білек аймағына операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i> <i>2.Егер сақтандыру төлемі 63-бап бойынша жүргізілсе, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.</i>		
15-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: БІЛЕЗІК БУЫНЫ		
64.	Білезік буыны аймағының жарақаттары	
	а) білек сүйектерінің бір сүйегінің сынуы, шил тәрізді өсіндінің үзілуі, сүйек фрагменттерінің ажырауы	5
	б) білек сүйектерінің екі сүйегінің сынуы	10
65.	Білезік буыны жарақатының салдары — қозғалыстың болмауы (анкилоз)	
		15
<i>Ескертпелер: 1.65-бап бойынша сақтандыру төлемі қозғалыстың болмауы жарақаттан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталған жағдайда жүргізіледі.</i> <i>2.Білезік буынына операция жасалған жағдайда, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
16-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ҚОЛ БАСЫ (ҚОЛ)		
66.	Қол басының бір қолындағы сүйектердің сынуы (білезік, алақан сүйектері):	
	а) бір сүйектің сынуы (қайықша сүйегін қоспағанда)	2
	б) екі немесе одан да көп сүйектің сынуы (қайықша сүйегін қоспағанда)	5
	в) қайықша сүйегінің сынуы	5
<i>Ескертпелер: 1.Қол басы жарақатына байланысты операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i> <i>2.Бір жарақат салдарынан білезік және алақан сүйектерімен қатар қайықша сүйегі сынған жағдайда, сақтандыру төлемі әр жарақат бойынша жинақтау әдісімен жүргізіледі.</i>		
67.	Қол басының жарақаты салдарынан:	
	а) бір немесе бірнеше сүйектің бітпеген сынуы (жалған буын)	5
	б) барлық саусақтардың жоғалуы, алақан сүйектері немесе білезік буыны деңгейінде ампутация	50

	в) жалғыз қол басының ампутациясы	60
<i>Ескертпелер: 1.67-а тармағы бойынша сақтандыру төлемі бұл асқыну жарақаттан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталған жағдайда ғана жүргізіледі. 2.Егер сақтандыру төлемі 67-б тармағы бойынша жүргізілсе, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.</i>		
17-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ҚОЛ САУСАҚТАРЫ – БАС БАРМАҚ		
68.	Бас бармақтың жарақаты салдарынан сыну	3
<i>Ескертпелер: 1.Тырнақ айналасының іріңді қабынуы (паронехия) сақтандыру төлеміне негіз болмайды. 2.Фаланганың (фалангалардың) сынуына байланысты операция жасалған жағдайда, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
69.	Бас бармақ жарақаты салдарынан екі буында қозғалыстың болмауы	5
<i>Ескертпе: 69-бап бойынша сақтандыру төлемі 68-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер қозғалыстың болмауы жарақаттан кейін 6 ай өткен соң расталса</i>		
70.	Бас бармақ жарақаты салдарынан:	
	а) фалангааралық буын деңгейінде ампутация (тырнақ фалангасының жоғалуы)	5
	б) негізгі фаланга немесе алақан-саусақ буыны деңгейінде ампутация (саусақтың жоғалуы)	15
	в) саусақтың алақан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен бірге ампутациясы	20
<i>Ескертпе: 70-бап бойынша сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.</i>		
18-БӨЛІМ. ЖОҒАРҒЫ АЯҚ-ҚОЛ: ҚОЛ САУСАҚТАРЫ (ЕКІНШІ–БЕСІНШІ)		
71.	Саусақ жарақаты нәтижесінде:	
	а) бір саусақтың сынуы	2
	б) екі немесе одан да көп саусақ фалангаларының сынуы	5
<i>Ескертпелер: 1. Тырнақ айналасының іріңді қабынуы (паронехия) сақтандыру төлеміне негіз болмайды. 2.Фаланганың (фалангалардың) сынуына байланысты операция жасалған жағдайда, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
72.	Саусақ жарақаты салдарынан екі немесе үш буында қозғалыстың болмауы	5
<i>Ескертпе: 72-бап бойынша сақтандыру төлемі 71-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер қозғалыстың болмауы жарақаттан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталса.</i>		
73.	Саусақ жарақаты салдарынан:	
	а) негізгі фаланга деңгейінде ампутация (саусақтың жоғалуы)	5
	б) саусақтың алақан сүйегімен немесе оның бір бөлігімен бірге ампутациясы	10
<i>Ескертпелер: 1. 73-бап бойынша сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды. 2.Бірнеше саусақ зақымданған жағдайда, сақтандыру төлемі әр жарақат бойынша жинақтау әдісімен жүргізіледі, бірақ бір қол үшін сақтандыру сомасының 50%-ынан, ал екі қол үшін 90%-ынан аспауы тиіс.</i>		
19-БӨЛІМ. ЖАМБАС		
74.	а) бір сүйектің сынуы	5
	б) екі сүйектің сынуы немесе бір буынның жыртылуы, бір сүйектің қосарланған сынуы	15
	в) үш және одан да көп сүйектің сынуы, екі немесе үш буынның жыртылуы	20
<i>Ескертпе: Жамбас сүйектерінің сынуына немесе буындардың жыртылуына байланысты операция жасалған жағдайда, қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді</i>		
75.	Жамбас жарақаты салдарынан жамбас-сан буындарында қозғалыстың болмауы:	
	а) бір буында	20
	б) екі буында	40

<i>Ескертпе: 75-бап бойынша сақтандыру төлемі 74-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер қозғалыстың болмауы жарақаттан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталса.</i>		
20-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: ЖАМБАС-САН БУЫНЫ		
76.	Жамбас-сан буынының зақымдануы:	
	а) сүйек фрагменттерінің ажырауы, буын капсуласының жыртылуы	5
	б) ұршықтың (ұршықтардың) оқшауланған ажырауы	10
	в) санның шығуы	10
<i>Ескертпелер: 1. Бір жазатайым оқиға нәтижесінде жамбас-сан буынының бірнеше түрлі жарақаты орын алса, сақтандыру төлемі ең ауыр жарақатты көздейтін тармақ бойынша жүзеге асырылады. 2. Жамбас-сан буынына операция жасалған жағдайда — 10%, қаңқалық тарту арқылы консервативті емдеу кезінде — 3% қосымша төлем бір рет жүргізіледі.</i>		
77.	Жамбас-сан буыны жарақатының салдары:	
	а) сан сүйегі мойнының бітпеген сынуы (жалған буын)	20
	б) сан сүйегі басын резекциялау нәтижесінде «салбыраған» буын	40
<i>Ескертпелер: 1. 77-бапта көрсетілген асқынулар үшін сақтандыру төлемі 76-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі. 2. 77-а тармағы бойынша төлем қозғалыстың болмауы жарақаттан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталған жағдайда ғана жүргізіледі</i>		
21-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: САН		
78.	Сан сүйегінің сынуы	
	а) кез келген деңгейде (жоғарғы, ортаңғы, төменгі үштен бірі), буын аймағын қоспағанда	25
	б) қосарланған сыну	30
79.	Сан сүйегінің сынуы салдарынан бітпеген сынудың (жалған буынның) пайда болуы	30
<i>Ескертпелер: 1. Сан аймағына операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді, ал қаңқалық тарту арқылы емдеу кезінде — 3%. 2. 79-бап бойынша сақтандыру төлемі 78-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер бұл асқыну жарақаттан кейін 9 ай өткен соң расталса.</i>		
80.	Жарақаттық ампутация немесе ауыр жарақат нәтижесінде	
	а) бір төменгі аяқ-қолдың сан деңгейінде ампутациясы	70
	б) жалғыз төменгі аяқ-қолдың сан деңгейінде ампутациясы	100
22-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: ТІЗЕ БУЫНЫ		
81.	Тізе буыны аймағының жарақаттары	
	а) сүйек фрагменттерінің ажырауы, тоқпан жілік айдаршаларының сынуы, шыбық сүйек басының сынуы, менискінің зақымдануы, тізе тобығының шығуы, буын капсуласының жыртылуы, байламдардың толық үзілуі	5
	б) тізе тобығының, айдаршықаралық төмпешіктің, айдаршықтардың, үлкен жіліншік сүйегінің проксимальды метафизінің сынуы	10
	в) үлкен жіліншік сүйегінің проксимальды метафизі мен шыбық сүйек басының сынуы	12
	г) сан сүйегі айдаршықтарының сынуы, балтырдың шығуы	15
	д) сан сүйегінің дистальды метафизінің сынуы	20
	е) сан сүйегінің дистальды метафизі мен айдаршықтарының үлкен немесе екі жіліншік сүйектерінің проксимальды бөлімдерімен бірге сынуы	25

<i>Ескертпелер: 1. Тізе буынының бірнеше жарақаты қатар орын алса, сақтандыру төлемі ең ауыр жарақатты көздейтін тармақ бойынша бір рет жүргізіледі.</i> <i>2. Тізе буыны аймағына операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
82.	Тізе буыны жарақатының салдары:	
	а) буында қозғалыстың болмауы	15
	б) буын беттерін резекциялау нәтижесінде «салбыраған» тізе буыны	30
<i>Ескертпе: 82-бап бойынша сақтандыру төлемі 81-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі.</i>		
23-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: БАЛТЫР		
83.	Балтыр сүйектерінің сынуы (буын аймағын қоспағанда):	
	а) шыбық сүйегінің сынуы немесе сүйек фрагменттерінің ажырауы	5
	б) үлкен жіліншік сүйегінің сынуы, шыбық сүйегінің қосарланған сынуы	10
	в) екі сүйектің сынуы, үлкен жіліншік сүйегінің қосарланған сынуы	15
<i>Ескертпе: Егер бір жарақат нәтижесінде тізе немесе тобық буынында буынішілік сыну және балтыр сүйегінің диафиз деңгейінде сынуы орын алса, сақтандыру төлемі тиісті баптар бойынша жинақтау әдісімен жүргізіледі.</i>		
84.	Балтыр сүйектерінің бітпеген сынуы (жалған буын):	
	а) шыбық сүйегінің	5
	б) үлкен жіліншік сүйегінің	15
	в) екі сүйектің	20
<i>Ескертпелер: 1. 84-бап бойынша сақтандыру төлемі 83-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер бұл асқыну жарақаттан кейін 9 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталса.</i> <i>2. Балтыр аймағына операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i>		
85.	Жарақаттық ампутация немесе ауыр жарақат нәтижесінде:	
	а) балтыр деңгейінде ампутация	40
	б) тізе буынында экзартикуляция	50
	в) жалғыз төменгі аяқ-қолдың балтыр деңгейінде ампутациясы	70
<i>Ескертпе: Балтыр ампутациясына байланысты сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.</i>		
24-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: ТОБЫҚ БУЫНЫ		
86.	Тобық буыны аймағының жарақаттары:	
	а) бір тобықтың сынуы, аралық жіліншік синдесмозының оқшауланған үзілуі	5
	б) екі тобықтың сынуы немесе бір тобықтың сынуы үлкен жіліншік сүйегінің жиегімен бірге	10
	в) екі тобықтың сынуы үлкен жіліншік сүйегінің жиегімен бірге	15
<i>Ескертпелер: 1. Егер тобық буыны сүйектерінің сынуы жіліншік синдесмозының үзілуімен, табанның жартылай шығуымен немесе толық шығуымен қатар жүрсе, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.</i> <i>2. Тобық буыны аймағына операция жасалған жағдайда (алғашқы хирургиялық өңдеуді және бөгде денелерді алып тастауды қоспағанда), қосымша 10% сақтандыру сомасы бір рет төленеді, ал консервативті емдеу кезінде — 3%.</i>		
87.	Тобық буыны жарақатының салдары:	
	а) тобық буынында қозғалыстың болмауы	15
	б) буын беттерін резекциялау нәтижесінде «салбыраған» тобық буыны	20
	в) тобық буынында экзартикуляция	30

Ескертпе: 87-бапта көрсетілген асқынулардың бірнешеуі бір мезгілде орын алған жағдайда, сақтандыру төлемі ең ауыр салдарды көздейтін тармақ бойынша жүзеге асырылады.

25-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: ТАБАН (СТОПА)

88. Табан жарақаттары:

а) бір сүйектің сынуы (өкше және таран сүйектерін қоспағанда)	2
б) екі сүйектің сынуы немесе таран сүйегінің сынуы	5
в) үш және одан да көп сүйектің сынуы, өкше сүйегінің сынуы, табанның асты-тарзальды шығуы, Шопар буынындағы немесе Лисфранк буынындағы шығу	10

Ескертпе: Табан сүйектерінің сынуы немесе шығуына байланысты операция жасалған жағдайда, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.

89. Табан жарақатының салдары:

а) бір немесе екі сүйектің бітпеген сынуы (өкше және таран сүйектерін қоспағанда)	5
б) үш және одан да көп сүйектің, таран немесе өкше сүйегінің бітпеген сынуы	10
в) Шопар немесе Лисфранк буындарының бітпеген сынуы	20
г) плюснефаланга буындары деңгейінде ампутация (табан саусақтарының толық жоғалуы)	25
д) плюсна сүйектері немесе табан алды деңгейінде ампутация (табан саусақтарының толық жоғалуы)	30
е) таран немесе өкше сүйектері деңгейінде ампутация (табанның жоғалуы)	35

Ескертпелер: 1.89-бапта көрсетілген асқынулар үшін сақтандыру төлемі 88-бап бойынша төленген төлемге қосымша жүргізіледі, егер олар жарақаттан кейін 6 ай өткен соң медициналық мекеме арқылы расталса.

2.Табан ампутациясына байланысты сақтандыру төлемі жүргізілген жағдайда, операциялар мен операциядан кейінгі тыртықтар үшін қосымша төлем жасалмайды.

26-БӨЛІМ. ТӨМЕНГІ АЯҚ-ҚОЛ: ТАБАН САУСАҚТАРЫ

90. Табан саусақтарының сынуы:

а) бір саусақтың сынуы	3
б) екі-үш саусақтың сынуы	5
в) төрт-бес саусақтың сынуы	10

Ескертпе: Егер саусақтың сынуы, шығуы немесе сіңірлерінің үзілуі салдарынан операция жасалса, қосымша 3% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.

91. Табан саусақтарының жарақаттық ампутациясы немесе жарақаты нәтижесінде:

а) бір саусақтың негізгі фаланга немесе плюснефаланга буыны деңгейінде ампутациясы	5
б) бір немесе екі саусақтың негізгі фаланга немесе плюснефаланга буыны деңгейінде ампутациясы	4
в) үш-төрт саусақтың тырнақ немесе ортаңғы фалангалар деңгейінде ампутациясы	8
г) үш-төрт саусақтың негізгі фалангалар немесе плюснефаланга буындары деңгейінде ампутациясы	8

Ескертпе: Егер ампутация плюсна сүйегімен немесе оның бір бөлігімен бірге жүргізілсе, қосымша 5% сақтандыру сомасы бір рет төленеді.

92. Жарақат салдарынан пайда болған асқынулар

а) лимфостаз, тромбофлебит, трофикалық бұзылыстар	5
б) остеомиелит (оның ішінде гематогенді остеомиелит)	10

Ескертпелер: 1.92-бап тірек-қимыл аппаратының жарақаты салдарынан (ірі шеткері қан тамырлары мен жүйкелердің жарақатын қоспағанда) пайда болған және жарақаттан кейін 3 ай өткен соң сақталған асқынуларға қолданылады.

2.Табан саусақтарының іріңді қабынулары сақтандыру төлеміне негіз болмайды.

3.Аурулар салдарынан (диабеттік гангрена, облитерациялаушы эндартериит, қан тамырларының окклюзиясы) төменгі аяқ-қолдың ампутациясы сақтандыру төлеміне негіз болмайды.

№1 КЕСТЕ

Көру қабілетін жоғалту кезіндегі сақтандыру төлемдері:

Жарақатқа дейінгі	1	0,9	0,8	0,7	0,6	0,5	0,4	0,3	0,2	0,1	0,01-ден төмен
Жарақаттан кейінгі											
0,9	3	-	-	-	-	-	-	-	-	-	-
0,8	5	3	-	-	-	-	-	-	-	-	-
0,7	5	5	3	-	-	-	-	-	-	-	-
0,6	10	5	5	3	-	-	-	-	-	-	-
0,5	10	10	10	5	5	-	-	-	-	-	-
0,4	10	10	10	10	5	5	-	-	-	-	-
0,3	15	15	15	10	10	5	5	-	-	-	-
0,2	20	20	20	15	10	10	5	5	-	-	-
0,1	30	30	30	20	15	10	10	5	5	-	-
0,01-ден төмен		40	40	30	20	15	15	10	10	10	-
0,0	50	50	50	25	25	20	20	20	20	20	10

Ескертпе:

Толық соқырлыққа (0,0) көру өткірлігі 0,01-ден төмен немесе тек жарықты сезу (саусақ санау) теңестіріледі.

№2 КЕСТЕ

Күйіктер кезіндегі сақтандыру төлемдері (сақтандыру сомасының пайызымен)

Күйік ауданы (% дене беті)	Күйік дәрежесі								
	I	I-II	II	II-III A	III A	III A-III B	III B	III B-IV	IV
от 1 до 10	-	-	3	3	10	10	15	15	20
от 11 до 20	4	4	5	5	20	20	25	25	35
от 21 до 30	6	6	7	7	25	25	45	45	5
от 31 до 40	8	8	9	9	30	30	70	70	7
от 41 до 50	10	10	11	11	35	35	70	70	90
от 51 до 60	15	15	16	16	40	40	70	70	95
от 61 до 70	20	20	21	21	45	45	70	70	100
от 71 до 80	25	25	26	26	50	50	70	70	100
от 81 до 90	30	30	31	31	55	55	70	70	100
90 нан жоғары	35	35	36	36	60	60	70	70	100

№2-қосымша

«Standard Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
ерікті жинақтаушы сақтандыру ережелеріне

АУЫР НАУҚАСТАНУЛАР ТІЗІМІ

Осы Қосымшаның мақсаттары үшін ауыр науқастану деп төменде көрсетілген аурулардың кез келгені түсініледі:

1. **Миокард инфаркті** — жүрек бұлшықетінің (миокардтың) бір бөлігінің қанмен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі салдарынан өліеттенуі, төмендегі белгілердің бір мезгілде болуымен расталуы тиіс:
 - a) ауру тарихында кеуде қуысының типтік ауыру сезімдерінің болуы;
 - b) ЭКГ-дағы жаңа сипаттамалық өзгерістер (ST сегментінің немесе Т тісшесінің өзгеруі және олардың динамикасы, патологиялық Q тісшесінің қалыптасуы);
 - c) қан құрамындағы кардиоспецификалық ферменттердің белсенділігінің жоғарылауы.

Диагноз білікті кардиолог-дәрігермен расталуы тиіс.

2. **Қатерлі ісік** (злокачественное новообразование) — бақылаусыз өсуімен, метастаз беруімен және сау тіндерге инвазиясымен сипатталатын, гистологиялық тұрғыдан қатерлі деп танылған бір немесе бірнеше ісік, оның ішінде лейкомия және лимфа жүйесінің қатерлі аурулары (Ходжкин ауруын қоса алғанда), келесілерді қоспағанда:

- a) in situ сатысындағы қатерлі ісік;
- b) обыр алды аурулар;
- c) тері қатерлі ісіктері және қалыңдығы 1,5 мм-ден аз меланомалар немесе TNM бойынша T3N0M0-ден аспайтын;
- d) емізікше-торлы қабатқа өтпеген ісіктер;
- e) гиперкератоздар мен базальды-жасушалық карциномалар;
- f) басқа ағзаларға таралмаған эпителиалды тері обырлары;
- g) Капоши саркомасы және АИТВ немесе ЖИТС-пен байланысты ісіктер;
- h) TNM бойынша T1 сатысындағы (T1a, T1b, T1c қоса алғанда) қуықасты безінің обыры;
- i) АИТВ немесе ЖИТС аясындағы қатерлі ісіктер; жатыр мойнының интраэпителиалды неоплазиясы.

3. **Бүйрек жеткіліксіздігінің терминалдық сатысы** — екі бүйректің де функциясының созылмалы әрі қайтымсыз бұзылуы, тұрақты диализ жүргізуді немесе бүйрек трансплантациясын талап ететін жағдай.
4. **Инсульт (ми инфаркты)** — ми қан айналымының жедел бұзылысы, 24 сағаттан артық сақталатын неврологиялық симптоматикамен және кемінде 3 ай бойы қалдық салдарларының сақталуымен сипатталады, келесілерді қоспағанда: транзиторлық ишемиялық шабуылдар; жарақаттар; мигреноздық жағдайлар.
5. **Кеуде және (немесе) құрсақ аортасының ауруларын хирургиялық емдеу** — аортаның зақымдалған бөлігін кесіп алып, оны трансплантатпен ауыстыру (аортаның тармақтарын қоспағанда).
6. **Екі көздің де толық, тұрақты және қайтымсыз көру қабілетін жоғалту** — сақтандыру қорғанысы әрекет еткен кезеңде ауру немесе жазатайым оқиға салдарынан.
7. **Жүрек қақпақшаларын хирургиялық жолмен ауыстыру** — аорталық, митралдық, трикуспидальдық немесе өкпелік қақпақшаларды олардың жасанды аналогтарына ауыстыру (вальвулотомия, вальвулопластика және қақпақша ауыстырылмайтын басқа араласуларды қоспағанда).
8. **Өмірлік маңызды ағзаларды трансплантациялау** — жүрек, өкпе, бауыр, ұйқы безі, жіңішке ішек, бүйрек немесе сүйек кемігін трансплантациялау (басқа ағзалар мен тіндерді трансплантациялауды қоспағанда).
9. **Шашыраңқы склероз** — демиелинизация белгілері клиникалық және зертханалық тұрғыдан расталған, қозғалыс және сезімталдық функцияларының кемінде 6 ай бұзылуымен сипатталатын, МРТ және жұлын сұйықтығы талдауларында тән өзгерістері бар ауру.
10. **Салдану (паралич)** — жұлын ауруы немесе жазатайым оқиға салдарынан екі немесе одан да көп аяқ-қолдың қозғалыс функциясының толық, тұрақты және қайтымсыз жоғалуы, ұзақтығы кемінде 3 ай, (Гийен-Барре синдромын қоспағанда).
11. **Коронарлық артерияларды хирургиялық емдеу** — коронарлық ангиография деректері негізінде екі немесе одан да көп тарылған немесе бітелген коронарлық артерияларға ашық әдіспен шунттау операциясын жүргізу, (ангиопластиканы, артерияларға жасалатын басқа араласуларды және лапароскопиялық операцияларды қоспағанда).